ние получению новых знаний, работать на уроке? Прежде чем, что-то делать, у человека должна быть внутренняя мотивация к совершению определенных действий. Он должен сам понять и дойти до того момента, что все это ему надо, необходимо в дальнейшей жизни. Задача учителя на данном этапе проработать и подать материал таким образом, чтобы ученик захотел и активно включился в этот процесс, задача ученика активно участвовать в разборе материала, который заинтересовал. Необходимо понять основные три ключевых момента в достижении такой цели:

- мотивация – не врожденное, а приобретенное качество

- компетентность и мастерство учителя- путь развития мотивации

- высокий уровень мотивации –это залог будущих успехов в жизни. Конечно, не все ученики обладают одинаковым уровнем способностей: одни достигают успехов благодаря своему труду, упорству, вниманию, а другие не прикладывают к этому никаких усилий, и его успехи кратковременное явление, хотя у них природой заложены определенные способности.

Восточная мудрость гласит: «Если ты думаешь на год вперед, посади семя. Если ты думаешь на десятилетия вперед, посади дерево. Если ты думаешь на век вперед, воспитай человека». Основным институтом воспитания человека, как говорится «на века» была и остается школа [2].

Современные реалии предъявляют высокие требования к учителю он не должен быть передатчиком готовых знаний, а научить ребенка уметь самостоятельно их добывать, собирать необходимую информацию, делать выводы и умозаключения.

В своей повседневной педагогической деятельности учителя, к сожалению, переходят на шаблонность и однотип-

ность преподавания. Такое отношение порождает и обратную реакцию у учеников: нежелание, отстраненность от участия в уроке, низкие показатели качества знаний, конфликты и психологический дискомфорт.

В Казахстане идет становление новой системы обновления содержания образования [2]. Как и любой новый процесс, он подразумевает собой изменение в педагогической практике, подходов к обучению, введению критериальной системы оценивания учебных достижений обучающихся. И в этой связи, среди учителей возникают множество вопросов по поводу приоритетов данного обновления. Основные вопросы, которые возникают по поводу внедрения обновления содержания образования:

- В чем разница обновленного содержания образования и ныне действующего?

- Изменяются ли подходы к организации образовательного процесса в школе?

- Что означает понятие «образование, ориентированное на результат»?

- В каком направлении и как должен готовиться учитель к обновленному содержанию образования?[3].

Да, подходы изменились и время вносит постоянно свои коррективы в этот непрерывный процесс. Учителю необходимо успевать за этими изменениями и стремится к совершенствованию своего профессионального уровня и квалификации. Перед современным учителем стоят глобальные задачи в данном направлении:

- построить обучение таким образом, чтобы каждый ученик на выходе получил не сумму знаний, а вооружился умениями и навыками самостоятельного добывания этих знаний;

- развивать в учащимся способности творческой деятельности;

- побудить мотивацию к достижению

смарт целей.

В основу новых стандартов заложен метапредметный подход. Технология метапредметного обучения разрабатывалась научной группой под руководством доктора психологических наук Юрия Громыко с 1990 года. Элементы метапредметного обучения заложены в ряде методик, подходов и технологий, таких как «Развивающее обучение Эльконина-Давыдова; «Мыследеятельностная педагогика»; «Коммуникативная дидактика» и т.д.

Что такое метапредмет?

«Мета» – «за», «через», «над», то есть выход за рамки предмета, над предметом. Метапредметная деятельность – универсальная деятельность, которая является «надпредметной». «Надпредметная» (но не межпредметная) деятельность на уроке.

Метапредметный подход в образовании и, соответственно, метапредметные образовательные технологии были разработаны для того, чтобы решить проблему разобщенности, оторванности друг от друга различных научных дисциплин и учебных предметов.

Метапредметность подразумевает, что существуют обобщенные системы понятий, которые используются везде, а учитель с помощью своего предмета раскрывает какие-то их грани.

Метапредметный подход предполагает, что ребенок не только овладевает системой знаний, но осваивает универсальные способы действий с этими знаниями, и с их помощью сможет сам добывать необходимую информацию. Это требования второго поколения образовательных стандартов.

Метапредметные результаты (по А.Г. Асмолову) включают освоенные обучающимися универсальные учебные действия (познавательные, регулятивные и коммуникативные), обеспечивающие овладение ключевыми компетенциями,

составляющими основу умения учиться.

Универсальные учебные действия – это умение учиться, то есть способность человека к самосовершенствованию через усвоение нового социального опыта.

Универсальность метапредметов состоит в обучении школьников общим приемам, техникам, схемам, образцам мыслительной работы, которые лежат над всеми предметами, но в то же время воспроизводятся при работе с любым предметом в отдельности.[4]

Процесс развития метапредметных результатов требует от учителя переосмысления своей педагогической деятельности, владения в совершенстве инновационными методами обучения, широкого использования информационно-коммуникационных технологий для активизации урока, повышения мотивации деятельности учащихся на уроках.

## РЕЗУЛЬТАТЫ

В последнее время многое делается государством для повышения мотивации педагогов: принят «Закон о статусе педагога», постоянное повышение заработной платы учителей, введение новой системы оплаты труда (педагог-модератор, педагог-эксперт, педагог-исследователь и педагог-мастер), сведения к минимуму отчетов, переход на электронный документооборот.

Все эти меры конечно способствовали повышению статуса учителя, заработной платы и качественных изменений в сфере школьного образования. Но вместе с тем, остаются еще проблемы, которые требуют системного подхода.

Так в 2019 году была принята Государственная программа развития образования и науки Казахстана на 2020-2025 годы. За период реализации Государственной программы разви-

тия образования и науки (ГПРОН 2016 – 2019) численность педагогических кадров превысила полмиллиона человек. При этом, несмотря на ежегодный массовый выпуск специалистов в области образования, все еще сохраняется потребность в педагогических кадрах. Отсутствуют действенные механизмы по привлечению и удержанию квалифицированных учителей в школах, в частности, сельских: дорожные и жилищные субсидии, льготы и преференции и др. На педагогические специальности поступают преимущественно абитуриенты с низкими баллами единого национального тестирования (ЕНТ). Система образования не способствует удержанию талантливых учителей. До 35 % педагогов уходят в другие сферы. Отсутствуют механизмы альтернативного входа в педагогическую профессию для мотивированных претендентов. Таким образом, несмотря на положительные изменения в системе подготовки и развития педагогических кадров, сохраняется ряд проблем, негативно сказывающихся на привлечении и удержании квалифицированных педагогических кадров. В этой связи Программой предусмотрены меры по решению проблем в сфере развития педагогического потенциала страны [5]. В настоящее время пороговый балл ЕНТ повышен для педагогических специальностей, что является своеобразным критерием отбора именно мотивированных, преданных своей профессии будущих педагогов.

Как видим из документа, проблемы есть и решать их надо поступательно, выносить на обсуждение со всей педагогической общественностью.

Теперь остановимся на примере конкретной школы, а именно КГУ «школа-лицей №35» города Астана методом SWOT анализа.

Strengths – сильные стороны	Opportunities – возможности
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Стабильность педагогических кадров</li> <li>2. 65 % - учителя с категориями: «педагог-мастер», «педагог-исследователь» и «педагог-эксперт»</li> <li>3. Проведение ежегодных конкурсов, смотров педагогического мастерства учителей</li> <li>4. Материальное поощрение учителей за достижения в работе (по номинациям: «Лучший учитель» – 150000, 75000, 50000, 30000, 10000 тенге, «Лучший классный руководитель» - 100000, 75000, 50000 тенге, «Лучший руководитель методического объединения» - 100000 тенге, «Лучшее методическое объединение» - 400000 тенге, а также за креативность в конкурсах, посвященных государственным и национальным праздникам)</li> <li>5. Отлаженная система наставничества.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Подушевое финансирование.</li> <li>2. Расширение сети международных образовательных программ и проектов.</li> <li>3. Активное привлечение родительской общественности.</li> </ol>
Weaknesses – слабости	Threats – угрозы
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Определение новых подходов к образовательной деятельности, способствующих обновлению содержания</li> <li>2. Совершенствование профессиональной подготовки кадров, освоение и внедрение инноваций, опытно-экспериментальной и научно-исследовательской деятельности.</li> <li>3. Деятельность учителей-предметников, направленной на качественную работу с одаренными учащимися.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Острая конкуренция в образовательной среде .</li> <li>2. Приоритет предметной составляющей в профессиональной подготовке будущих учителей .</li> <li>3. Пандемия</li> </ol>

## ВЫВОДЫ

В заключении хотелось бы предложить ряд конкретных мер в плане повышения мотивации учителей:

- внести изменения в приказа Министра образования и науки РК от 12.11.2021 № 561 (Правила проведения аттестации педагогов) по поводу освобождения учителей, имеющих стаж педагогической деятельности более 30 лет, от аттестации и сохранения за ними имеющихся квалификационных категории;

- количество учащихся в классах общеобразовательных государственных школах не должно превышать 25 учащихся;

- по истории, суммативные оценивания за раздел и четверть, 50 процентов

заданий проводить в устной форме, поскольку в последнее время наблюдается тенденция снижения речевой активности учащихся.

Образование – это фундамент успешного будущего наших детей.

Результаты обучения в школе детей потребуют от учителей всестороннего и объективного оценивания успехов в достижении ожидаемых результатов обучения каждого учащегося, его отношения к учебе и динамику развития личности в целом. Но обновление содержания образования, транслируя лучший опыт внедрения новых подходов к обучению и методике преподавания должно учесть и положительный опыт традиционного. Синтез традиционных и инновационных методов обучения позволит



разнообразить формы проведения занятий активизирующие познавательную деятельность учащихся. В целом уровень казахстанского среднего общего

образования должен соответствовать задачам развития государства и обеспечивать его конкурентоспособность в современном мире.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Материал из Википедии – свободной энциклопедии
2. Иткулова А.С. Кайсина Г.М. Актуальные вопросы обновленного содержания образования республики Казахстан/Вестник Северо-Казахстанского университета им.Манаша Козыбаева, категория педагогика.-2019.
3. Горохова Н. Плюсы и минусы обновленного содержания /Газета Приуралье. - 2017. - №27.
4. Букач М.В. Метапредметный подход в образовании при реализации новых образовательных стандартов»/Инфоурок,-2015.
5. Государственная программа развития образования и науки Казахстана на 2020-2025 годы.
6. Хуторской А.В. Современная дидактика. Учеб. пособие / А.В. Хуторской. – 2-е изд., перераб. – М.: Высшая школа, 2007. – С. 159-182.
7. Заминова. И.П. О трудностях и задачах обновления содержания образования // Газета Білімді Ел - Образовательная страна (Республиканская образовательная общественно-политическая газета).
8. «О статусе педагога» /Закон Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 293-VI ЗРК.
9. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 ноября 2021 года № 561 «О внесении изменений в приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 27 января 2016 года № 83 «Об утверждении Правил и условий проведения аттестации педагогических работников и приравненных к ним лиц, занимающих должности в организациях образования, реализующих общеобразовательные учебные программы дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего и общего среднего образования, образовательные программы технического и профессионального, послесреднего, дополнительного образования и специальные учебные программы, и иных гражданских служащих в области образования и науки»
10. Закон Республики Казахстан «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 14.07.2022 г.)

Ахмедиянов Т.Н.

#### **МОТИВАЦИЯНЫҢ ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БІРІ РЕТІНДЕ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫН ІЗДЕУ**

Н.Төреқұлов атындағы №35 мектеп-лицейі,

Астана қ., Қазақстан

e-mail: tahmedinov@mail.ru

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы мектеп білімінің жай-күйі, оқу-тәрбие процесінің негізгі қатысушылары ретінде оқушы мен мұғалімнің рөлі талданады. Қазақстан Республикасында білім беру саласында жүргізілген реформалар оларды шешуде жүйелі көзқарасты талап ететін проблемаларды да ашып берді. Мектептегі білім сапасы мұғалімнің шешуші рөліне, оның кәсіби шеберлігіне, құзіреттілігіне тікелей байланысты және олардың қаншалықты сәтті жүзеге асуы мұғалімнің үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге,

біліктілік деңгейін көтеруге деген қызығушылығына байланысты. Заманауи жағдайда барлық тетіктер мен ынталандыруларды пайдалана отырып, оқушыларға сапалы білім беруде, мектептің беделін және мектеп мәртебесін көтеруде мұғалімдердің ынтасын арттырудың тиімді тетіктерін тауып отырған мектеп әкімшілігі маңызды рөл атқарады.

**Түйін сөздер:** мұғалім, мотивация, оның төмендеу себептері, мұғалімнің рөлі, білім мазмұнын жаңарту

Akhmedinov T.N.

### **LACK OF MOTIVATION AS ONE OF THE MAIN PROBLEMS OF EDUCATION AND THE SEARCH FOR WAYS TO SOLVE THEM**

N.Torekulov school-lyceum №35» municipal state institution,  
Astana, Kazakhstan  
e-mail: tahmedinov@mail.ru

**Abstract.** This article analyzes the state of school education in Kazakhstan at present stage, the role of student and teacher as the main participants of educational process. The reforms carried out in the Republic of Kazakhstan in the field of education have also revealed problems that require a systematic approach to their resolution. The quality of school education is directly related to the key role of the teacher, his professional skills, competencies, and how successfully they are implemented depends on teacher's interest in constant self-improvement and his qualification level. An important role in this is played by the school administration, which in modern realities, using all kinds of mechanisms and incentives, finds effective mechanisms to increase the motivation of teachers in providing students with quality education, raising the prestige of school and the status of teacher.

**Keywords:** teacher, motivation, reasons for its decline, the role of a teacher, updating the content of education.

ГРНТИ 39.01.45

**Л.А. ЗОНОВА**

Налобинская средняя школа,  
с. Налобино, Кызылжарский район,  
Северо-Казахстанская область, Казахстан  
e-mail: zonova.6767@mail.ru

## **ПРИМЕНЕНИЕ ДИДАКТИЧЕСКИХ МНОГОМЕРНЫХ ИНСТРУМЕНТОВ (ЛСМ) НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЗНАНИЙ**

**Аннотация.** В статье представлена необходимость применения на уроках географии дидактических многомерных инструментов с целью повышения качества знания. Исследования показывают необходимость пересмотра подачи информации в условиях увеличения информации и для более точечной отработки полученных научных знаний по предмету. Процесс реализации иллюстрирован примером логико-смысловой модели с непосредственным обозначением прикладной направленности.

**Ключевые слова:** дидактические многомерные инструменты, логико-смысловые модели, педагогические технологии.

### **ВВЕДЕНИЕ**

Современный прогрессивный мир и современная школа, в частности, требуют от индивидуума нахождения эффективных способов сбора и обработки полученной информации. Соблюдая принцип межпредметных связей в обучении и функциональной грамотности обучающихся, необходимо учитывать все предыдущие открытия и передавать их более рациональным способом, рассчитанным на требования современного общества. Для решения данной проблемы актуальным будет применение обобщенных схем, отражающих мир и научные знания, полученные предыдущими поколениями.

Основные тенденции современного образования требуют систематического изучения на уровне психологии, опыта и анализа полученной информации. По мнению Бенина В.Л. рост общей культуры педагогов и культуры преподавания в

целом необходимы для генерации продуктивных идей обучения, улучшения преподавания за счет синтеза обучения искусству и технологиям. [1, 25 стр.]

В.Ф. Шаталов предлагал представить содержание урока посредством опорно-сигнальных средств, с учетом основных принципов, сформулированных Я.А. Коменским: наглядности, последовательности, систематичности и т.п., которые ориентируют учебный процесс на использование вспомогательных средств [2, 56 стр.].

Между тем проблема развития инструментального подхода не новая в педагогике, роль дидактических средств в учебном процессе постоянно подчёркивали Ю.К. Бабанский, Д.Б. Богоявленская, М.А. Данилов, В.В. Краевский, А.Н. Леонтьев, М.И. Махмутов, А.В. Усова, Л.М. Фридман, Н.М. Яковлева и др. О связи инструментов с развитием теоретического мышления учащихся писали В.В.

Давыдов, Л.В. Занков, А.Н. Леонтьев, Б.И. Коротяев, Н.А. Менчинская, П.И. Пидкасистый, М.Н. Скаткин и др. Идея ориентировочных основ действий (авторы П.Я. Гальперин, Н.Ф. Талызина и др.) не получила в дальнейшем инструментального продолжения, что явилось одной из причин трудности её внедрения [3, 112 стр.].

Удобным в этом плане для использования будут разработанные В.Э. Штейнбергом логико-смысловые модели (многомерные дидактические технологии).

### ЦЕЛЬ И ЗАДАЧИ ИССЛЕДОВАНИЯ

Целью исследования является определение влияния на качество получаемого образования в процессе применения логико-смысловых моделей в качестве инструмента для систематизации большого объема изучаемой информации, установления закономерности, возможности воспроизведения полученной ранее информации и применении ее на практике.

Задачи:

- изучение проблемы логико-смысловых моделей;
- анализ имеющихся разработок логико-смысловых моделей и возможности их применения в ходе изучения предмета географии в организации среднего образования;
- мониторинг результатов качества образования как результат применения логико-смысловых моделей.

### МЕТОДОЛОГИЯ

В ходе исследования проанализирована необходимость и этапы введения в процесс обучения логико-смысловых моделей. Применен педагогический анализ, выделен наиболее ценный материал исследования, отражены возможности применения логико-смысловых моделей и их влияние на уровень качества обучения за три года использования.

### РЕЗУЛЬТАТЫ

Разработкой методики составления и изучением применения логико-смысловых моделей в процессе обучения наряду с другими педагогами занимался кандидат технических наук, доктор педагогических наук В.Э. Штейнберг (Республики Башкортостан). Исследования и основные разработки В.Э. Штейнберга послужили основными примерами при разработке логико-смысловых моделей для предмета географии.

В своих работах В.Э. Штейнберг указывает на необходимость применения теоретико-методологических принципов (объективности, системности, развития, противоречия, вариативности, принципа целостности и многомерности сознания), а предложенные в его исследованиях логико-смысловые модели дают возможность для быстрого запоминания большого объема информации и систематизации полученных знаний с последующим их применением. При этом педагогу дается возможность соблюдать основные принципы, такие как принцип универсальности, программируемости, опорности мышления, совместности свойств образа и модели и т.д. [2, 24 стр.]

Логико-смысловая модель вводится непосредственно в процессе обучения для конкретной учебной задачи – показать учащимся суть изучаемых явлений, установить устойчивую взаимосвязь и взаимосвязи между частями всего изученного, а вторая – взаимосвязь с широким спектром факторов, которые приводят обучающегося к необходимому научному диапазону [4, 104 стр.]. Логико-смысловая модель привлекает своей систематичностью, наглядностью, возможностью сделать шпаргалку для учащегося легальной по форме и отрабатанной им самим по содержанию.

Работа с помощью логико-смысловых моделей позволяет педагогу и обучающимся компактно разместить до-

статочно объёмную информацию. При заполнении логико-смысловых моделей можно использовать общепринятые ус-

ловные обозначения, что позволяет сэкономить время [5, 157 стр.].




Рисунок 1 - Логико-смысловая модель «Южный Казахстан»

В качестве примера предлагаю логико-смысловую модель «Южный Казахстан», которая представлена на рисунке 1.

Обращаясь к логико-смысловой модели «Горные породы» (рис. 3), можем увидеть происхождение, основные группы горных пород и тд. Знания, полученные в процессе работы с подобными

моделями, становятся глубокими и прочными.

Логико-смысловая модель «Южный Казахстан» состоит из 7 лучей. Луч К1 отражает особенности экономического района (Великий шелковый путь, поливное земледелие, архитектурные памятники, аграрно-индустриальный); луч К2 – визитная карточка (области, пло-

щадь, численность населения, средняя плотность населения); луч К3 – экономико-географическое положение (приграничные государства); луч К4 – природные условия (температуры января, июня, осадки, рельеф, вегетационный период); луч К5 – минеральные ресурсы (топливные, цветные металлы, строительный материал – месторождения);

луч К6 – природные ресурсы (водные, земельные, агроклиматические, рекреационные); луч К7 – население (национальный состав). Результаты работы оформляются в виде логико-смысловой модели, что позволяет всю информацию конкретизировать по Южному Казахстану, систематизировать и наглядно иллюстрировать.



Рисунок 2 - Логико-смысловая модель «Северная Америка»

Важной частью географии является географическая номенклатура, знание географических объектов. На изучение номенклатуры в 7,8,9 классах в учебной программе отводится по 4 часа, этих часов недостаточно. Для усвоения и отработки знаний по теме «Материки» предлагается задание заполнить ЛСМ работая с тематическими картами.

Рассмотрим так же логико-смысловую модель «Северная Америка (рис. 2).

Логико-смысловая модель «Северная Америка» состоит из 5 лучей. Луч К1 – отражает особенности материка (самое, самое), К2– озера, К3– реки, К4– горы, К4– равнины и низменности. Обучающиеся самостоятельно составляют логико-смысловые модели после первоначального знакомства с темой, используя учебную литературу. Также примером может послужить логико-смысловая модель «Горные породы» (рис. 3).

Эксперимент по использованию дидактической многомерной технологии на уроках географии длится 4 года. Данная технология эффективна и дает

результат. При использовании данной технологии в учебном процессе прослеживается положительная динамика роста качества знаний по предмету.



Рисунок 3 - Логико-смысловая модель «Горные породы»

Анализируя результаты суммативного оценивания за четверть, видим динамику (рис. 4), так в сравнении с

2020-2021 учебным годом показатель качества вырос в среднем на 7,8 пунктов, что является хорошим результатом.




Рисунок 4 - Мониторинг СОЧ по географии за 2020-2021, 2021-2022 уч.гг.

Положительная динамика роста наблюдается также и в качестве знаний по предмету (рис. 5). для мониторинга были взяты показатели качества знаний за три предыдущих года и третьей четвер-

ти 2021-2022 учебного года. Так, сравнивая качество знаний за 4 года, видим рост качества знаний на 11 показателей в среднем.




Рисунок 5 - Мониторинг качества знаний по географии за 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 уч.гг.

## ВЫВОДЫ

Таким образом, с учетом требований современной школы, способов передачи накопленных знаний, быстрого получения и разбора увеличивающейся в условиях цифровизации и глобализации образовательного пространства информации, закрепления полученных ранее знаний, по предмету география,

в частности, необходимо вводить в систему образования новых технологий обучения. Логико-смысловые модели позволяют обучающимся получить возможность систематизации, обобщения получаемых знаний, а также повышают мотивацию обучающихся и качество знаний по предмету география.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Бенин В.Л., Культура, образование, человек (философские основы толерантной педагогики): учебное пособие, М.: Флинта, 2016 год, с. 171
2. Штейнберг В.Э., Дидактические многомерные инструменты//Теория, методика, практика. –М.: Народное образование. – 2002 год. – с. 304
3. Остапенко А.А., Моделирование многомерной педагогической реальности: теория и технологии//Народное образование. –2005 г. –с. 105
4. Потапова С.Н., Многомерная дидактическая технология как средство повышения эффективности урока. –2001 год. –с. 215
5. Васильев А.В., Новые приемы и технологии в педагогической деятельности, М. – 2007 г. –с.32

Зонова Л.А.

**ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ДИДАКТИКАЛЫҚ КӨПӨЛШЕМДІ ҚҰРАЛДАРДЫ  
БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ**



«Налобино орта мектебі» КММ,  
Налобино ауылы, Қызылжар ауданы,  
Солтүстік Қазақстан облысы, Қазақстан  
e-mail: zonova.6767@mail.ru

**Аңдапта.** Мақалада география сабақтарында білім сапасын жақсарту үшін дидактикалық көп өлшемді құралдарды қолдану қажеттілігі көрсетілген. Зерттеулер ақпараттың көбеюі жағдайында және тақырып бойынша алынған ғылыми білімді нақты пысықтау үшін ақпараттың берілуін қайта қарау қажеттілігін көрсетеді. Іске асыру процесі қолданбалы бағдарды тікелей көрсететін логикалық-семантикалық модельдің мысалымен суреттелген.

**Түйін сөздер:** дидактикалық көп өлшемді құралдар, логикалық-семантикалық модельдер, педагогикалық технологиялар.

Zonova L.A.

### **THE USE OF DIDACTIC MULTIDIMENSIONAL TOOLS IN GEOGRAPHY LESSONS AS A MEANS OF IMPROVING THE QUALITY OF KNOWLEDGE**

Nalobino Secondary School,  
Nalobino village, Kyzylzhar district, North Kazakhstan region, Kazakhstan  
e-mail: zonova.6767@mail.ru

**Abstract.** The article presents the need to use didactic multidimensional tools in geography lessons in order to improve the quality of knowledge. Research shows the need to revise the presentation of information in the context of increasing information and for more precise elaboration of the scientific knowledge obtained on the subject. The implementation process is illustrated by an example of a logical-semantic model with a direct designation of the applied orientation.

**Keywords:** didactic multidimensional tools, logical and semantic models, pedagogical technologies.

FTAMP 14.01.45

**Е.Ә. ЖҰМАШОВ, С.С. ЖҰМАНОВА, Т.Р. АБИШЕВ**

*Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,  
Астана қ., Қазақстан*

## **ЭССЕ: ТҮСІНІГІ, БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЖАЗЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аңдатпа.** Білім беру саласындағы уәкілетті органның шешімімен педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына өзгерістер енгізіліп, «эссе» кезеңі енгізілді. Бұл мақалада эссе жазудың шетелдік және отандық тәжірибелері зерделеніп, оны жазу мен бағалаудағы ерекшеліктері қарастырылған. Авторлар әдеби шолу және тәжірибе жүргізу арқылы сапалы эссе жазу бойынша педагогтерге ұсынымдар әзірледі. Мақалада талқыланған және әзірленген ақпарат білім беру ұйымдары қызметкерлерінің эссе жазу дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

**Түйін сөздер:** эссе, педагогтерді аттестаттау, білім, эссе түрлері, шығарма.

### **КІРІСПЕ**

2021 жылы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (бұдан әрі – Қағидалар) өзгерістер енгізілді. Жаңа өзгерістегі жаңалық – педагогтерді аттестаттау тәртібіне «эссе» кезеңі енгізілді.

Эссе – прозалық әдеби жанр. Үлкен энциклопедиялық сөздікте «Эссе – бұл философиялық, әдеби-сыни, тарихи-өмірбаяндық, публицистикалық прозаның жанры, ол автордың жеке ұстанымын көрсетеді» [1]. «Эссе» сөзі француз тілінен енген және тарихи түрде латын-

ның exagium (өлшеу) сөзінен шыққан. Француз тілінен аударғанда «очерк» немесе «нобай» деген мағынаны білдіреді.

Эссе автордың субъективті көзқарасын, белгілі бір мәселеге қатысты ұстанымы мен ойын көрсетеді. Жазудың бұл стилі автордан белгілі бір сұраққа толық жауап беруді талап етпейді, тек сол мәселеге қатысты өз ойын нақты жеткізуін және оны негіздермен дәйектеуін талап етеді. Сол себепті эссе жазу арқылы автор өз ойын қисынды, нақты, дәйекті және оқырманға сауатты жеткізу қабілетін дамытады.

### **ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Мақала эссе туралы ұғымдарға, сапалы эссе жазу бойынша зерттеушілер әзірлеген әдебиеттер мен эссенің кең таралған халықаралық стандарттарын зерделеу жолымен Қағидаларда көрсетілген талаптар шеңберінде сапалы эссе жазудың жолын ұсыну мақсатында жазылған. Мақаланың міндеттері:

- Эссе туралы жазылған отандық және шетелдік әдебиеттерді сараптау;

- Қағидалардағы эссе бойынша талаптар мен стандарттарды зерделеу;
- Кең тараған эссе жазу үлгілерін қарастыру;
- Эссені сауатты жазудың компоненттерін ұсыну.

#### АҚПАРАТТЫ ЖИНАУ МЕН ТАЛДАУДА ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДІСТЕР

Педагогтерге эссе жазу үшін қойылған талаптар, тақырып бойынша құжаттамалық түсініктік аппарат туралы мәліметтерді жинау үшін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері талданды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бұйрығымен өзгерістер және толықтырулар енгізілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы зерделенді.

Екінші кезеңде әдеби шолу әдісімен эссе туралы түсінік берілген материалдар жиналды. Жиналған материалдардағы эссе туралы түсініктемелер салыстырыла отырып түсінікті және толық анықтама берген ойлар алынды.

Сонымен қатар, ағылшын тілін қосымша тіл ретінде үйренушілердің деңгейін бағалайтын Ағылшын тілінің халықаралық тестілеу жүйесінің (ағылш. International English Language Testing System – IELTS) жазылым бөліміндегі эссеге қойылатын талаптар бойынша

нұсқаулықтар талданды.

*Эсседе жазуда назар аударылатын негізгі факторлар*

Эссе деген терминге әртүрлі түсініктемелер беріледі. «Қазақ әдебиеті тілінің сөздігі» атты он бес томдық түсіндірме сөздігінде «Эссе – әдеби, философиялық, әлеуметтік және басқа да тақырыпта еркін түрде жазылған жүйеге салынбаған, ғылыми емес очерк» [2] деп анықталған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Эссе – бір нәрсенің әсерінен болатын толғаныстан туған шағын әдеби шығарма» [3], ал баспа және полиграфия терминдерінің түсіндірме сөздігінде «Эссе – берілген тақырыпқа студент өз ойы мен пайымдауын жеткілікті еркін формада баяндай алатын шамалы жазба жұмысы» [4] деп көрсетілген. Жетекші эссеист Олдос Хаксли эссе дегенімізге «Эссе – бұл кез-келген нәрсені айтуға мүмкіндік беретін әдеби әдіс» [5] және «дәстүр бойынша, эссе-бұл қысқа үзінді» деп түсініктеме берген.

Эссе жанрының негізін қалаушы француз жазушысы, философ Мишель Монтень болды. Ол 1580 жылы «Тәжірибелер» атты еңбегінде қоғам мен адамның тағдыры туралы ойларымен бөлісетін эссені жазды [6]. Дегенмен жазбаның осы түріне ұқсас жанрлар, туындылар басқа да авторлар мен қоғамдарда болғанын айтып өткен жөн [7], [8].

#### **Эссе құрылымы**

Эссе көп жағдайда бір тақырып аясындағы мәселені қозғайды. Сондықтан эссенің құрылымы бірнеше абзацқа бөлінеді, себебі бір тақырыпты бір абзацпен жазу күрделі және оқырманға түсінуге ауыр. Әр абзацта тақырып аясындағы бір ой жазылады, сол арқылы автордың көзқарасы негізделеді. Барлық абзацтар кіріспе және қорытынды бөлімдер арқылы біріктіріледі. Егер автор жазбаны дұрыс құрылымдай алса, онда эссе сапалы шығады. Сондықтан

эссені жазғанда, оның құрылымын дұрыс қарастыру, абзацтарға тиімді бөлу маңызды.

Алдында аталып өткендей, эссенің ортақ қабылданған стандартты құрылымы жоқ. Бұл еркін жанр болғандықтан, оны автор өзінің еркіне қарай құрылымдай алады. Алайда, эссенің құрылымы қисынға сай болуы керек. Эссе құрылымын анықтайтын жалғыз шарт – логика. Көп жағдайда эссе Кіріспеден, автордың көзқарасы дәйектелетін Абзацтардан (Негізгі бөлім) және жалпы ой түйіндететін Қорытындыдан тұрады.

*Кіріспе.* Бұл бөлімде тақырыптың негізгі мәні, автордың ұстанымы және эссенің құрылымы немесе автордың ойы бұдан әрі қалай өрбитіні көрсетіледі. Кіріспе бөлімде мәселенің тұжырымдамасы және оның маңызы, риторикалық сұрақ, дәйексөз т.б. болуы мүмкін. Кіріспе бөлімінің мазмұнын мынандай бағытта өрбіту ұсынылады:

- тақырып және эссенің мақсаты ашылады;
- оқырманды қызықтырады;
- автордың тақырыпқа қатысты ұстанымы жазылады;
- автор өз ұстанымын қалай дәйектейтінін баяндайды.

Кіріспе оқырманды баурап алатындай болғаны жөн. Бұл бөлім оқырманға эссе жайлы алғашқы пікірді қалыптастырады, сондықтан басынан бастап қызықтыруға тырысу қажет. Жақсы жазылған кіріспе оқырманның қызығушылығын оятып, эссені аяғына дейін оқуға итермелейді. Сондықтан, осы абзацты жазуға ерекше ықылас қойып, оқырманды қаралатын мәселеге тарту маңызды.

*Негізгі бөлім.* Бұл тармақ көп жағдайда екі немесе одан да көп абзацтан тұрады. Негізгі бөлімде автордың ойлары тезистермен ұсынылуы керек, әр тезис дәлелдермен расталуы қажет және соңғы сөйлемде түйін жасалады.

Әр абзацта көп жағдайда бір ғана идея дамытылады, талқыланады, мәні ашылады. Әдетте негізгі бөлімдегі абзацтың құрылымы төмендегі формулаға сәйкес бірнеше сөйлемнен тұрады:

- тезис (абзацта ашылатын пікір);
- дәлелдеу (тезисті дәлелдеу үшін пайдаланылатын дәлелдер);
- тұжырым (автордың түйіні).

Көбіне абзацтың алғашқы сөйлем автордың көзқарасын, ойын білдіретін тезиспен басталады. Келесі сөйлемдерде сол пікірді негіздейтін дәлелдер (аргументтер) беріледі. Дәлелдерге оқырманды қандай да бір көзқарастың шынайылығына сендіруге бағытталған фактілер жатады. Бұл жағдайда дәлел ретінде статистикалар, өмірлік мысалдар, түрлі зерттеулердің нәтижелері, ғалымдардың пікірлері, құбылыстар мен оқиғалардың салдарлары, заттар т.б. қарастырылады. Автордың жеке ойы, жалаң фактілер дәлел ретінде қарастырылмайды. Әдетте негізгі бөлімдегі әрбір абзац жалпы тұжырыммен аяқталады.

Осы формула негізгі бөлімдегі абзацтардың санына байланысты 2-3 рет қайталануы мүмкін.

*Қорытынды бөлім.* Соңғы абзац негізгі бөлімде талқыланған мәселелерді қорытып, бір тұжырымға келген сөйлемдерден тұрады. Бұл тармақта негізгі бөлімде ұсынылған және дәйектелген барлық тұжырымдар біріктіріледі. Соңында, мәселе қайта қайталануы және қорытынды шешім жасалады. Ал оқырман берілген дәлелдер негізінде автордың қисынды көзқарасын түсінеді.

### ***Эссе жазудың алгоритмін құру қадамдары***

Эссе жазу процесі жоспарлы түрде жүзеге асады (жоспарға бағынады, немесе жоспарлауды қажет етеді), автор жазбаны қағазға түсірудің әрбір қадамын алдын ала білгені абзал. Алгоритмдегі ең бірінші қадам – тақырып таңдау. Себебі кез келген жазба жұмысы, алдымен,

тақырыпты таңдаудан және тақырыпта нақты қандай мәселе көтеріліп отырғандығы туралы анықтаудан және түсінуден басталады. Тақырып таңдағанда автор төмендегі сұрақтарды өзіне қоюы маңызды:

- Тақырып қай салаға қатысты?
- Не туралы жазуды талап етіп отыр?
- Тақырыптағы «кілт сөздер» қандай?
- Тақырып туралы не білемін?

Мысалы: «Көшбасшы педагог қандай болуы керек?» тақырыбында эссе жазу керек. Алдымен тақырыптың негізгі кілт сөзін анықтап алу керек. Бұл жағдайда кілт сөздер «көшбасшы» және «педагог» болып отыр. Эссе заманауи педагогті басқа әріптестерінен ерекшелетін, озықтығын көрсететін қасиеттері туралы жазуы қажет. Тақырыпты деконструкциялау арқылы ондағы сөздердің ара-жігін ажыратқан адам эссені жақсы жазады.

Эссе жазудың екінші кезеңі – мәтін тақырыбы бойынша ақпараттарды бір жүйеге келтіру. Бұл тұста уақыт тапшылығына байланысты педагогтерге тақырып бойынша жазылатын ақпаратты ойында жүйелеу туындайды. Автор ақпаратты оқырманға қалай жеткізетінін, эссені қалай құрылымдайтынын, қандай тезистер мен аргументтер келтіретінін, мәтіндегі сөйлемдерді ойында құрастыра бастайды. Сондықтан бұл жазбаның архитектуралық үлгісі сызылатын кезең.

Автор тақырып бойынша өз білімі мен тәжірибесіндегі ақпаратты ойында жүйелегеннен кейін оларды қағазға түсіру кезеңдері басталады. Бұл кезең эссе жоспарындағы абзацтарға сәйкес жылжиды. Осы кезеңде педагог әр абзацты жазу барысында ойындағы жоспарды қайта қарап, түзетіп отыруы маңызды. Алайда түзету барысында жалпы құрылым сақталып, берілген тақырып-

тан ауытқымау қажет.

Эссе жазудағы ең соңғы қадам жазылған мәтінді сын көзбен шолып шығу. Автор міндетті түрде осы кезеңге уақыт қалдыруы тиіс. Себебі соңғы шолу кезеңінде автор мәтіндегі сөз тіркестерінің, терминдер мен анықтамалардың орынды пайдаланылғанын тексереді. Сөйлемдердегі орфографиялық, стилистикалық және пунктуациялық қателерді түзетеді. Сонымен қатар, жалпы идеяны дұрыс беру мақсатында эссеге кішігірім өзгерістер енгізуге мүмкіндігі болады. Осындай себептерге байланысты соңғы кезеңде түзетуден өткен эссенің сапасы жоғары болады.

Сондай-ақ, эссе сапалы шығуы үшін төмендегі нормаларға да назар аударған жөн:

- автордың жеке көзқарасын білдіру;
- мәтінді жинақы, анық, түсінікті етіп жазу;
- логикалық заңдылықты және ойдың бірізділігін сақтау;
- креативтілік, тың және жаңа идеяларды қолдану, басқалардан ерекшелену;
- сөз тіркестерін, синонимдерді, терминдерді қолдану (алайда қысқарған және ауызекі сөздерді пайдаланбау);
- жалғаулық шылаулар мен есімдіктерді (сілтеу, жалпылау, т.б.) орынды қолдану;
- сауатты жазу (грамматикалық, пунктуациялық, орфографиялық және стилистикалық);
- аргументтерді дәйекті етіп беру (ғылыми негіз, статистикалық фактілер, нақты өмірлік мысалдар).

Аталған ұстанымдардың эссе жазу барысында ескерілуі оның сапалы болып, оқырманның көңілінен шығуына ықпал етеді. Бұл өз кезегінде оқырман эссе авторы туралы оң көзқарасты қалыптастырады. Сонымен қатар, эссе жазуға дағдыланған адам тек жазбаша

емес, ауызша да өз ойын жинақы және түсінікті жеткізу қабілетін дамытады.

### **Эссені бағалау критерийлері**

Эссені бағалаудың көптеген тәсілдері мен критерийлері бар. Ол эссені қабылдаушы тараптың шарттарына сәйкес өзгеруі мүмкін. Дегенмен жазбаша мәтінді бағалаудың кең тараған тәсілі ол тақырыпты ашу, құрылым, дәйектілік, сауаттылық және сыни пайым қолданылуына негізделген. Төменде осындай үлгіге негізделген бағалау шарты ұсынылады. Бұл бағалау тәсілі ITEST жүйесінде

берілген бағалау критерийлері негізінде әзірленді [9].

Жазушының берілген тақырыпты толығымен түсінуі, оны жан-жақты ашуы эссе жазудағы ең басты талаптардың бірі. Бұл аспектіде эссені нақты тақырыпқа жауап ретінде жазуы, сол мәселе шеңберінде ғана тезистер ұсынуы, тақырыпқа қатысты түсініктерді орынды пайдалануы, тақырыпты толықтай әрі нақты жеткізе білуі қарастырылады. Тақырыпты игеруін айқындайтын дескрипторлар 1-кестеде берілген.

1-кесте. Берілген тақырыпты түсінуі

Берілген тақырыпты түсінуі	Берілген тақырыптың түсініктерін анық және толық аша алады
	Тақырыпқа сәйкес келетін түсініктерді орынды қолдана алады
	Тақырыпқа сәйкес тезистерді бере алады
	Тақырыпқа сәйкес мазмұндай алады

Кестеге қарап, автордың берілген тақырыпты түсінуін бағалайтын өлшемдер – жазылған эссе мазмұнының қозғалған мәселе төңірегінде өрбуін және ойдың толық аяқталуын бағалайтынын байқауға болады. Сол себепті кез келген жазбада тақырыптан ауытқымау өзекті. Ол үшін эссені дұрыс құрылымдау маңызды. Автордың нақты бір көзқарасын немесе идеясын өзекке алып, сол көзқарасты әртүрлі аргументтер арқылы дәйектеу мақсатында мазмұны түзетіл-

ген эссе сапалы шығады.

Эсседегі маңызды бағалау критерийлердің бірі – ол жазбаның құрылымының дұрыс және жүйелі құрылуы. Бұл тұста автордың эссе мазмұнын абзацтарға дұрыс бөле алу қабілеті маңызды. Сондай-ақ, эссені жазушының өз ойын дәлелдеу үшін тақырыпқа сай негіздемелер мен аргументтер келтіре алу қабілеті де ескеріледі. Осы критерийлер шеңберіндегі бағалау үлгісі 2-кестеде берілген.

2-кесте. Дәлелдерді жазу және эссе құрылымдарының сақталынуы

Эссе құрылымын сақтау	Тақырыпқа сай пікірін, көзқарасы мен аргументтерді тиісті (сауатты) түрде жеткізе алады
	Тақырыпты аша білу, мәселені шешу жолдарын жан-жақты қарастырып, ұстанымын дәлелдер арқылы қорғай алады
	Әр бөлім талапқа сай құрылады. Бөлімдерге негізгі түсініктерді нақтылы қолдана алады
	Ұсынылған талапқа сай эссені қорытындылау тұжырымы мен ой түйінін қорытындылай алады
	Берілген эссенің тақырыбын аша отырып, мәселенің шешу жолдарын көрсетіп қорғай алады

Бағалау критерийлерінің тағы бір параметрі эссені жазудағы логикалық реттілік пен дәйектілік. Мәтін жазу барысында автор ойының жүйелілігі, мазмұнын дұрыс тізбектей алуы, дәлелдерді нақты көрсете білуі, тезистерді қолдауға бағытталған аргументтерді негіздей отырып

өзіндік тұжырым жасай алу қабілеті тексеріледі. Автордың өз көзқарасын орынды дәлелдермен негіздеуі және эссенің өн бойында жүйеліліктің сақталуы бағалаудың басты шарттарының бірі. Бұл бағалау жүйесінің дескрипторлері 3-кестеде ұсынылды.

### 3-кесте. Логика мен дәйектілік, тұжырымдардың болуы

Логика мен дәйектілік, тұжырымдардың болуы	Ой жүйелілігі мен дәйектілігін сақтай алады
	Дәлелдерді нақты бере алады
	Тезис аргументтерінің сәйкестігі қаралады
	Тақырыпқа сәйкес жазу стилін (баяндау, дәлелдеу, сипаттау, жеке ой ерекшеліктерін) ұтымды таңдай алады
	Көзқарастарға сараптама жасай отыра, жеке ой тұжырымын ұсына алады

Көп жағдайда жазуға берілген уақыт мөлшері аз болғанымен берілген уақыт аралығында жазылған эсседегі грамматикалық сауаттылық тексеріледі. Кез келген жазба жұмысын бағалау критерийлерінің арасына автордың стилистикалық, грамматикалық, орфографиялық,

пунктуациялық сауаттылығын және лексикалық қорын тексеру кіреді. Бұл тұста жазылған эссенің талаптарға (сөз саны), жазба жұмысынан талап етілетін нормаларға сәйкестігі қаралады. Бұл дескриптор бойынша толық ақпарат 4-кестеде көрсетілген.

### 4-кесте. Жұмыстың грамматикасы

Жұмыстың сауатты жазылуы	Мәтіндегі лексика, грамматикалық нормаларды сақтай алу
	Пайдаланылған сөздік қоры мен көркемдегіш құралдарды қолдана алу
	Мәтіннің орфографиялық және пунктуациялық талаптарға, стилистикалық нормаларға сәйкестігі
	Жүйесін сақтау үшін сөздің стилистикалық оралымдарын (терминдерді) сауатты қолдана білу
	Сөз санының талаптан аспауы, сөздер мен ойдың қайталанбауы қаралады

Эсседе бағаланатын келесі бір параметр – автордың сыни пайымы. Көп жағдайда эссені жазғызу жолымен сынақ алудың өзі автордың сыни ойлау қабілетін тексеру үшін жасалады. Мұндағы мақсат автордың берілген материалды түсіну, қорыту, жүйелеу, талдау, стандарттан тыс ойлау, өзіндік пікір қа-

лыптастыру және оны орынды дәлелдей алу әлеуетін бағалау. Автордың берілген тақырып бойынша көпшілікке белгілі тривиальды фактілерді қайталамай, керісінше ақпаратты талдай отырып сынауы, соның нәтижесінде жаңаша тұжырым ұсынуы маңызды. Бұл бағыттағы дескрипторлер 5-кестеде берілген.

5-кесте. Автордың сыни пайымы

Сыни ойлау, ойды тұжырымдау шеберлігі	Сыни сараптама жасай білу
	Тақырыпқа қатысты мәтінге сыни талдау жасай білу
	Ойын түйіндеп, ұсыныс, шешім, қорытынды тұжырым ретінде ұсына алу
	Жеке көзқарасы мен пікірін дәлелді жеткізе білу
	Сыни ой-пікірін тұжырымдай білу

Эссе жазу барысында соңғы дескрипторларды ескеру, автордың мәтін арқылы оқырманға жаңаша ой тастауы, сыни сараптама жасауы, талдау жүргізуі, ұсыныс беруі және оны шешу жолдарын көрсетуі автордың шеберлігін байқатады.

Қорыта айтқанда, автордың жоғарыда берілген бағалау критерийлерімен танысуы және оларды эссе жазу барысында ескеруі өзекті. Эссе кезеңі бағалауға жатпаса да, мәтіннің мазмұны педагогтің жалпы білімін, сауаттылығын, сыни пайымын, жазбаша түрде ойын дұрыс жеткізе білу қасиеттерін көрсетеді.

**Қағидаларда көрсетілген талаптар аясында эссе жазу**

Қағидалардың «Эссе жазу тәртібі» деп аталатын 2-параграфында эссе бойынша аттестаттаудан өтушілерге қойылатын негізгі шарттар көрсетілген. Осы параграфтың 54 тармағына сәйкес «Тестілеу аяқталған соң педагог эссе жазады. Берілетін уақыт – 30 минут. Қолданылатын сөз саны – 250-300 сөз. Жыл сайын эссе тақырыбын білім беру саласындағы уәкілетті орган анықтайды. Жазылған эссе педагогтің жеке кабинетінде [ngt.testcenter.kz](http://ngt.testcenter.kz) сілтемесі бойынша көрсетіледі» және Қағидалардың

55 тармағына сәйкес жазылған эссе педагогтің жеке кабинетіне жолданады.

Жыл сайын эссе тақырыбын білім беру саласындағы уәкілетті орган анықтайды. Жазылған эссе педагогтің жеке кабинетінде [ngt.testcenter.kz](http://ngt.testcenter.kz) сілтемесі бойынша көрсетіледі.

Эссе жазу шарттары:

- эссе жазуға берілетін уақыт – 30 минут, жазбаны мерзімінен ерте аяқтауға болады, алайда одан асыруға болмайды;
- эсседегі сөз саны 250-ден кем болмауы және 300-ден аспауы тиіс;
- аттестаттаудан өтушілер жазуы тиіс эссе тақырыбын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекітеді;
- эссе педагогтің жеке кабинетінде сақталады, сондықтан ол кабинетке кіруге рұқсаты бар тұлғалардан (уәкілетті органдардың қызметкерлері мен аттестаттау комиссиясы мүшелері) басқаларға жазба қолжетімсіз.

Қағидаларда көрсетілген шарттар шеңберінде эссені ықтимал абзацтарға бөлудің үлгісі 6-кестеде берілген. Автордың эссенің негізгі бөлімін 2 немесе одан да көп абзацтарға бөлуі өз ойын дәйектейтін аргументтер санына байланысты екенін айтып өту керек.

6-кесте. Эссенің құрылымдық мазмұны мен элементтерінің көлемі

Композициялық элементі	Көлемі	Мазмұны
Кіріспе (1 абзац)	30-50 сөз	Тақырыптың өзектілігі Автордың ұстанымы/көзқарасы Негізгі бөлімде қарастырылатын ойлар қысқаша беріледі



Негізгі бөлім 1 (2 абзац)	100-110 сөз	1. Абзацтағы негізгі тезисті беру. 2. Негізгі тезис бойынша аргумент. 3. Аргументті негіздейтін дәлел немесе мысал. 4. Дәлелді талдау немесе түсіндіру. 5. Абзацтағы ой бойынша жалпы тұжырым жасау.
Негізгі бөлім 2 (3 абзац)	100-110 сөз	1. Абзацтағы негізгі тезисті беру. 2. Негізгі тезис бойынша аргумент. 3. Аргументті негіздейтін дәлел немесе мысал. 4. Дәлелді талдау немесе түсіндіру. 5. Абзацтағы ой бойынша жалпы тұжырым жасау.
Қорытынды (4 абзац)	20-30 сөз	Негізгі бөлім тезистерін жалпылап соңғы ойды жазу. Жаңа ой жазылмайды
<b>Нәтиже</b>	<b>250-300 сөз</b>	

Кестеде берілген үлгіні басшылыққа ала отырып «Бүгінгі білім берудің мақсаты туралы менің философиям» тақырыбында жазылған эссенің жобасы 1-қосымшада берілген.

#### **Қағидалар бойынша эссе алгоритмі**

Қағидаларға сәйкес аттестаттаудың эссе кезеңіне берілетін уақыт 30 минут. Бұл эссе жазушының әдебиеттер, материалдар мен дереккөздер іздеуіне қосымша уақыты болмайтынын білдіреді. Сондықтан педагог өзінің осыған дейін

жинаған білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып, эссе жазуды жоспарлайды.

Жазу процесін жоспарлау белгілі бір алгоритмнен тұрады. Қағидаларда көрсетілген талаптарға икемделіп жасалған эссе жазудың алгоритмі 1-кестеде берілген. Эссені ұсынылған алгоритм қадамдары негізінде жазуға болады. Кестеде әр кезең үшін жұмсалатын ықтимал уақыт көлемі де берілген, педагогтердің эссе барысында уақытты ұқыпты есептеуі өте маңызды.

#### 7-кесте. Эссе жазудың алгоритмі

№	Кезең	Ықтимал уақыт
1	Тақырып таңдау, мәселені түсіну	1 минут
2	Тақырып бойынша идеяларды, ақпаратты жүйелеу	3 минут
3	Кіріспе бөлімін жазу	3 минут
4	Негізгі бөлімнің бірінші абзацын жазу	7 минут
5	Негізгі бөлімнің келесі абзац(тар)ын жазу	8 минут
6	Қорытынды бөлімді жазу	3 минут
7	Мәтінді сыни көзқараспен қайта оқып шығу	5 минут

#### **ҚОРЫТЫНДЫ**

Қорытындылай келе, мақалада педагогтерге эссе жазуда неге мән беру керек екендігі ұсынылды. Авторлар эссе жазудың шетелдік және отандық тәжірибесін зерделей отырып Қағидаларда көрсетілген талаптар мен шарттар бойынша сапалы эссе жазудың жолын ұсын-

ды. Сондай-ақ, сапалы эссе жазу бойынша материалдарды талдау нәтижесінде сауатты жазылған эссенің сипаттамасы мен критерийлерін белгіледі. Бұл білім саласы қызметкерлерінің эссе туралы түсінігін кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар, олардың жазу дағдысын дамытуға көмектеседі.

## Шәкіртке білім беру туралы менің философиям

Білім алушыларды оқыту барысында мұғалім ұстанатын концептуалды қағидаларды біріктіретін философиялық көзқарас болуы тиіс. Философиялық көзқарас педагогтің шәкірттерге білім беру мен тәрбиелеудегі бағдарының мәнін білдіреді. Менің оқушыларды оқытудағы ұстанатын философиям екі негізгі субстанцияға негізделген. Олар: шәкірттің пәнге деген құштарлығын ояту, өз бетінше іздену дағдысын қалыптастыру.

Санасы енді қалыптасып келе жатқан жеткіншек үшін ұстаз еліктейтін модель болғандықтан, оған қарап бой түзейді, берген сабағының сапасына және сыныппен орнатқан қарым-қатынасына қарай пәнге ынтасы оянады. Менің ойымша, барлық жанның көз алдында мектепте ерекше із қалдырған педагогтің бейнесі өмір бойы сақталады. Сол себепті мектепте қай пәннің ұстазы білікті болса, сол пәннен болашақ мамандық иелері көптеп шығады. Әлеуметтік зерттеулердің қорытындысы бойынша әрбір үшінші студентке мамандығын таңдауда мектептегі мұғалімі ықпал еткенін анықталған. Осыған қарап, ұстаздың өз пәні бойынша біліктілігі, білім алушылармен қарым-қатынасы, жеке басының жүріс-тұрысы маңызды екені байқалады. Оқытушы жеткіншектердің алдында өзінің осындай зор ықпалы барын түсінуі керек, соған сай жауапкершілік алып, оқушылардың өзі беретін пәнге махаббатын оятуы тиіс.

10. Назарбаев Университет (2022). Комитет институциональной этики научных исследований. [https://nu.edu.kz/ru/nauka/ofis-provosta/komitet\\_institutsionalnoj-etiki-nauchnyh-issledovanij](https://nu.edu.kz/ru/nauka/ofis-provosta/komitet_institutsionalnoj-etiki-nauchnyh-issledovanij)
11. *British Educational Research Association (2018). Ethical Guidelines for Educational Research.* <https://www.bera.ac.uk/publication/ethical-guidelines-for-educational-research-2018-online>
12. Cohen, L., Manion, L., & Morrison, K. (2011). *Research methods in education*. Hoboken: Taylor and Francis
13. Mori, Yuki, Takashima, Kaito *Trinity review: integrating Registered Reports with research ethics and funding reviews, 2022, Japan.*

Г. Д. Тажобаева

### ЧТО ТАКОЕ НАУЧНАЯ ЭТИКА И ЗАЧЕМ ОНА НУЖНА

Национальная академия образования имени Ы. Алтынсарина,  
г. Астана, Казахстан

**Аннотация.** В данной статье изучаются проблемы соблюдения научной этики в научно-исследовательских институтах. Представлен сравнительный обзор процедуры соблюдения научной этики в таких странах как Сингапур, Россия, Китай, Канада и ряде стран СНГ. Несмотря на то, что понятие «этика» на протяжении определенного времени рассматривалось по отношению к церкви и массовому образованию, академическое сообщество также столкнулось с вопросами соблюдения моральных принципов в научной деятельности. В данной статье выявлены основные проблемы соблюдения принципов научной этики в практике казахстанских научно-исследовательских институтов, а также соответствующие контекстные факторы.

**Ключевые слова:** научная этика, наукометрия, «хищные» журналы, научно-исследовательский институт.

G.D. Tazhibayeva

### **WHAT IS SCIENTIFIC ETHICS AND WHY IS IT NEEDED**

National Academy of Education named after Y. Altynsarin,  
Astana, Kazakhstan

**Abstract.** This article examines the issues of compliance with research ethics in research institutes. A comparative review of the procedure on maintaining research ethics in such countries as Singapore, Russia, China, Canada and a number of CIS countries is presented. In spite of the fact that the concept of «ethics» for some time was considered in relation to the church and mass education, the academic community also faced questions on observing the moral principles. This article identifies the main problems of observing the principles of scientific ethics in the practice of Kazakhstani research institutes, as well as relevant contextual factors.

**Keywords:** research ethics, scientometrics, «predatory» journals, research institute.

FTAMP 159.9.072

**Б.К. САҚТАҒАНОВ**

*Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Астана қ., Қазақстан  
e-mail: balabiken@mail.ru*

## **БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГТІҢ, КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ, МОББИНГТІҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

***Аңдатпа.** Мақалада білім беру ұйымдарында буллингтің, кибербуллингтің, моббингтің алдын алудың психологиялық педагогикалық аспектілері қарастырылады. Буллинг, кибербуллинг, моббингке қарсы халықаралық бағдарламалардың (OBPP, KiVa, Positive Action) салыстырмалы талдауы жасалады. Білім беру ұйымдарында буллингтің, кибербуллингтің, моббингтің алдын алу саласында жұмысты ұйымдастыру және жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын тиісті нормативтік құқықтық актілер көрсетіледі.*

***Түйін сөздер:** буллинг, кибербуллинг, моббинг, оқушы, интернет, тұлға, бағдарлама, психология, құзыреттілік, мінез-құлық.*

**КІРІСПЕ**

Қазіргі кезде мектептегі зорлық-зомбылық – үлкен мәселелердің бірі. Кейбір оқушылар қасындағы, айналадағы адамдарды кемсітіп, күліп, олар жайлы қауесет әңгімелер таратып, өздерінің зорлық-зомбылыққа атсалысып жатқандарын байқамай қалулары да мүмкін.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңында баланы жәбірлеу (буллинг) – қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан көп) әрекеттер, қудалау және (немесе) қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер.

Кибербуллинг – бұл шетелде де, Қазақстанда де агрессивті қудалау үшін Интернеттің анонимділік және пайдаланушылардың шексіз саны сияқты мүмкіндіктерін пайдаланатын қудалаудың жаңа және тез таралатын түрі.

Кибербуллинг – қорлау, агрессия, қорқыту бар хабарламалармен қудалау; бұзақылық; әртүрлі интернет қызметтері арқылы әлеуметтік бойкот жариялау. Ағылшын сөзі буллинг (bullying, bully – төбелескіш, бұзық, дөрекі, зорлаушы) қорқытуды, қорлауды, жәбірлеуді, физикалық немесе психологиялық террорды білдіреді, ол басқа қорқыныш тудыруға және сол арқылы оны өзіне бағындыруға бағытталған. Жалпы алғанда, бұл құбылыс троллингтің жалпы сөзі деп аталады. Троллинг пен буллинг әртүрлі мақсаттарға ие, бірақ олардың тактикалық әдістері ұқсас. Троллингтің бастапқы мақсаты мен міндеті – өзіндік жарнама және сайтты (өнімді) алға жылжыту. Керісінше, кибербуллинг – бұл интернеттегі заңды бұзатын әрекеттер.

Жасөспірімдерді шынайы өмірде өз құрдастарымен қудалау мен қорлаудың қазіргі жағдайында олар виртуалды әлемге жасөспірімді ұрып-соғу және

қорлау көріністері бар YouTube бейне-лерін жариялау, әлеуметтік желілерде беделді фотосуреттерді, жеке ақпаратты және т.б. жариялау арқылы жіберіледі.

Кибербуллинг деп аталатын қорлаудың жаңа түрлері балаларға, ата-аналарға және мамандарға үлкен алаңдаушылық тудыруда.

Интернеттегі ақпараттық процестердің технологиялық ерекшелігі – онда орналастырылған ақпарат еш жерде жоғалмайды, сондықтан стигматизация (грек тілінен.- «төте жол, стигма») ақпарат интернетте мәңгі сақталады.

Кибермоббинг – (ағылш. Cyber-Mobbing), сондай-ақ Интернет-моббинг (Internet-mobbing) – бұл қасақана қорлау, қорқыту, жала жабу және қазіргі заманғы компьютерлік технологиялар мен байланыс құралдарын қолдана отырып, адам туралы басқа да мәліметтерді, әдетте, ұзақ уақыт бойы хабарлау.

### ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты – білім беру ұйымдарында буллингтің, кибербуллингтің, моббингтің алдын алудың жолдарын таныстыру

### ӘДІСНАМА

*Буллингке қарсы халықаралық бағдарламалардың салыстырмалы талдауы (OBPP, KiVa, Positive Action)*

Біз әлемдегі ең кең таралған және кеңінен қолданылатын үш: OBPP, KiVa және Positive Action бағдарламаларына тоқталамыз. Олардың барлығы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері жоғары елдерде (Норвегия, Финляндия және АҚШ әл-ауқат пен өмір сапасы бойынша рейтингте жоғары көрсеткіштерге ие) дамығанын атап өткен жөн.

Olweus Bullying Prevention Programm (Д. Ольвеус қорқытудың алдын алу бағдарламасы) – бастауыш, орта және жоғары сыныптардағы буллингті азайтуға және болдырмауға арналған көп деңгейлі, көп құрамды бағдарлама. Бағдарламаның нақты мақсаттары:

- 1) оқушыларды мектептегі жәбірлеу туралы ақпараттандыру және білімін арттыру;
- 2) педагогтар мен ата-аналарды буллингтің алдын алуға тарту;
- 3) жәбірлеуге қарсы нақты ережелерді әзірлеу;
- 4) жәбірленушілерге қолдау мен қорғау көрсету.

### Кесте 1. OBPP негізгі компоненттері


Жалпы талап Мектеп жағдайына ересектерді тарту және хабардарлығын арттыру	
<p>Мектеп деңгейі</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• буллингті үйлестіру және алдын алу комитетін құру</li> <li>• комитет пен мектеп қызметкерлері үшін тренингтер өткізу</li> <li>• мектеп бойынша Ольвеустің «Жасөспірімдер арасындағы агрессия» сауалнамасын жүргізу</li> <li>• қызметкерлер үшін пікірталас кездесулерін өткізу</li> <li>• буллингке қарсы жалпы мектеп ережелерін енгізу</li> <li>• мектептегі қадағалау жүйесін қайта қарау және жетілдіру</li> <li>• бағдарламаны іске қосу үшін мектепте бастау шарасын өткізу</li> <li>• ата-аналардың байланысы.</li> </ul>	<p>Жеке деңгей</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• мектеп оқушыларының белсенділігін бақылау (олардың оқу және мектептен тыс қызығушылықтары, үйірмелер, кәсіби хоббилері, спорт түрлері)</li> <li>• кез келген мектеп қызметкерінің буллинг жағдайын байқаған бойда оған араласуын қамтамасыз ету</li> <li>• мектептегі жәбірлеуге қатысатын мектеп оқушыларымен кездесулер өткізу (медиация)</li> <li>• мектептегі жәбірлеуге тартылған балалардың ата-аналарымен кездесулер ұйымдастыру</li> <li>• буллингке тартылған білім алушыларға арналған бағдарламаны жүзеге асырудың жеке жоспарларымен жұмыс жасау</li> </ul>



<p>Сынып деңгейі</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• барлық мектептерде буллингке қарсы ережені жариялау, тарату және сақтау</li> <li>• тұрақты сынып жиналыстарын өткізу</li> <li>• ата-аналар жиналысын өткізу</li> </ul>	<p>Қауымдастық деңгейі</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• буллингті үйлестіру және алдын алу комитетінің құрамына жергілікті қоғамдастық өкілдерін енгізу</li> <li>• мектептегі бағдарламаны қолдау үшін қоғамдастық мүшелерімен серіктестікті дамыту</li> <li>• басқа жергілікті ұйымдарға буллингке қарсы ақпараттарды, қағидаттар мен озық тәжірибелерді таратуға көмектесу</li> </ul>
--	---



Топтардың жұмысқа тартылу деңгейі



Сурет 1. Түрлі әлеуметтік топтармен буллингке қарсы жұмыс жасайтын OBPP бағдарламасының кестесі


Д. Ольвеус бағдарлама жасау барысында жасөспірімнің виктимизациясы жағдайларының санын сәтті азайтудың негізі ретінде құрдастарымен жұмыс және мұғалімдермен жұмыс жасау идеясына толығымен сенді. Жергілікті қауымдастықтарға келетін болсақ, бұл бағдарламаны мектептен тыс жерде кеңейту мәселесі маңызды рөл атқарады. Әртүрлі елдерде бағдарламаны жүзеге асыруды мектептердің өзі емес, жасөспірімдермен жеке немесе топпен жұмыс істейтін мамандардың жұмысын қаржылай қамтамасыз ете алатын аудандық немесе қалалық жастар орталықтары өз мойнына алады [1].

KiVa («жақсы») – Финляндиядан шыққан мектеп бағдарламасы, ол 2006-2009 жылдары әзірленген және 2009 жылдан бері бұл елдегі мектептегі жәбір-

леудің алдын алудың жалғыз бағдарламасы. Жобаның атауы «Kiusaamista Vastaan» сөзінің аббревиатурасы болып табылады, ол «жәбірлеуге қарсы» дегенді білдіреді. Фин тіліндегі «kiva» сөзі «жақсы» дегенді білдіреді және бұл акроним Финляндиядағы қорқытуға қарсы бастама үшін таңдалып алынған. Бағдарлама жалпы білім беретін мектептердің 5 жастан 11 жасқа дейінгі барлық оқушыларына қатысты. Оның мақсаты – мектептегі буллингті төмендету және құрдастар арасындағы виктимизация деңгейін төмендету. Құрдастармен жұмыс – финдік бағдарламаның негізгі тақырыптарының бірі. Жәбірлеумен айналысатын тұлғалармен жұмыс істеу балалардың буллинг жағдайларын тану және ұжымның мүмкіндіктерін пайдалана отырып оған қарсы тұру қабілетін арттыру болып табылады.



Топтардың жұмысқа тартылу деңгейі



Сурет 2. Түрлі әлеуметтік топтармен буллингке қарсы жұмыс жасайтын KiVa бағдарламасының кестесі

Отбасымен және жалпы жергілікті қауымдастықпен жұмыс істеу KiVa үшін басымдық емес. KiVa ересек жасөспірімдермен жұмыс жасамайды, сондықтан ол мектептегі буллинг бастамашыларының әлеуметтенуіне баса назар аудармайды. Нәтижесінде, KiVa бүкіл қоғам деңгейіндегі қолдау шараларын ұсынбайды. Мемлекеттік ұйымдарды тартуға, оның ішінде қаржылық қолдауға бағытталған ОВРР бағдарламасына қарағанда, бұл бағдарламаны қаржыландыру үшін жеке бастамалар қажет. Дегенмен, KiVa тиімділігі бойынша Норвегиядағы ОВРР-ге ұқсас. Финдік бағдарлама ең жас болса да, таралуы бойынша американдық буллингке қарсы бағдарламадан (РА, төменде қарастырылады) айтарлықтай озып кетті. Қазіргі уақытта KiVa Жаңа Зеландия, Ұлыбритания, Швеция, Аргентина, Колумбия және басқа елдермен ынтымақтастықта жұмыс жасайды [2].

Positive Action, PA (жағымды әрекет) – АҚШ-та девиантты мінез-құлықтың көптеген түрлерімен, соның ішінде буллингпен айналысуға негізделген мультипәндік бағдарлама. Бағдарламаның KiVa және ОВРР-тен айырмашылығы, оның бағыты мектептегі буллингке кез-келген девиантты мінез-құлыққа бағытталған. Бұл бастауыш және орта мектеп оқушыларына арналған мектептегі әлеуметтік-эмоционалды оқыту бағдарламасы. Мұндағы жұмыстың нәтижесі әлеуметтік құпталған мінез-құлықтың артуы, девиантты мінез-құлық жағдайларының азаюы, әлеуметтік-эмоционалды оқыту дағдыларының және мектеп климатының көрсеткіштерінің жақсарту болып табылады.

Бағдарламаның тиімділігін растайтын алғашқы зерттеулер 2001 жылы пайда болды, ал 2015 жылы Чикаго мектептерінде ауқымды мониторинг жүргізілді, бұл оның тиімділігін тағы бір

рет растады. Еуропалық буллингке қарсы бағдарламалардан айырмашылығы, Positive Action Америка Құрама Штаттарында сенімді болғанға дейін елдің әртүрлі штаттарында үлкен сынақтардан өткен.



Топтардың жұмысқа тартылу деңгейі

	Көбірек
	Азырақ
	Жоқ

Сурет 3. Түрлі әлеуметтік топтармен буллингке қарсы жұмыс жасайтын РА бағдарламасының кестесі

Осы үш бағдарлама да ХХ ғасырдың 80 жылдары мен ХХІ ғасырдың басында жүргізілген ғылыми зерттеулердің негізінде пайда болды және олардың барлығы мектептегі буллингтің алдын алуға орташа және жақсы нәтиже көрсетті. Сонымен қатар, бағдарламалардың өздері аяқталғаннан кейін қайталанатын сынақтармен көрсеткіштер айтарлықтай өзгерген жоқ, бұл олардың маңызды тиімділігінің белгілерінің бірі болып табылады [3].

*Қазақстанның білім беру ұйымдарындағы буллинг, кибербуллинг, моббингтің алдын алу жағдайы*

ЮНИСЕФ мәліметтеріне сәйкес, әлемдегі 150 миллион бала мектепте немесе оның айналасында құрдастары тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшырайды екен.

Қазақстан үшін мектептердегі зорлық-зомбылық мәселесі де өзекті.

- Қазақстандағы балалардың 63 пайызы зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктің куәсі болғанын, 44 пайызы құрбан болғанын, 24 пайызы мектепте басқа балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен кемсітушілік әрекеттерін жасағанын хабарлайды.

- 11 және 13 жастағы әрбір бесінші жасөспірім, 15 жастағы әрбір оныншы жасөспірім кем дегенде бір немесе бірнеше рет мектепте қорлаудың құрбаны болды. Ұлдар арасында бұл көрсеткіш 15 жастан асқан соң (14%) айтарлықтай төмендейді;

- Балалар мен жасөспірімдердің 8,3%-ы мектепте айына кемінде 2-3 рет басқа адамдарға буллинг жасауға қатысқан (екі айлық сауалнама). Бұл мінез-құлық 11 жастағы ер балаларға (13%) тән, олар өскен сайын төмендеу үрдісі бар;

- Жасөспірімдердің 20% кем дегенде бір рет басқа адамдарға буллинг

жасауға қатысқан. Бұл көрсеткіш 11 және 13 жастағы ұлдар арасында қыздарға қарағанда жоғары;


- кибербуллинг буллингке қарағанда сирек кездеседі. Жалпы алғанда, жасөспірімдердің 5% кибербуллингке ұшыраған немесе айына 2-3 рет немесе одан да көп өздері басқаларға кибербуллинг жасауға қатысқан. Бұл көрсеткіш есейген сайын ұлдар арасында жиі кездеседі. Жасөспірімдердің 12% кем дегенде бір рет кибербуллингке ұшыраған [4].

Зерттеу тобы ғалымдарының пікірінше, буллинг құрбандарының да, буллингтердің де психикалық жағынан денсаулықтарында ақаулары бар екендігі анықталған.


Белгілі болғандай, 11-15 жастағы жасөспірімдердің 17%-ы мектепте айына бір рет буллинг/айдап салудың құрбаны болған. Буллингтің құрбандары ауылдықтарымен салыстырғанда қала оқушылары арасында жиі болады.

1-Диаграмма «Буллингтің құрбандары мен қатысушылары»

Буллинг құрбандары, HBSC Қазақстан айына бір немесе бірнеше рет мектептегі буллинг құрбаны болған жасөспірімдер %



Буллингке қатысушылар, HBSC Қазақстан айына бір немесе бірнеше рет мектептегі буллингке қатысқан жасөспірімдер %



Ұлдар мен қыздар арасында буллингтің таралуы 15 жаста азаяды. Бір айда мектепте басқа адамдар тарапынан болған буллингке айына бір рет 11-15 жастағы жасөспірімдердің 20% қатысты. Осы мінез-құлықтың таралуы 11 және 13 жастағы ер балалар арасында ең жоғары.

Сонымен қатар, жаңа технологияларды дамытумен және әлеуметтік желілердің танымал болуымен буллингтің жаңа түрі – кибербуллинг пайда болды.

Кибербуллинг мысалдары: қорлау хабарламаларын жіберу (мәтін немесе интернет арқылы), әлеуметтік желілер сайтында елемеушілік түсініктемелерді орналастыру, кемсіту фотосуреттерін орналастыру, сондай-ақ электрондық нысанда біреуді қорқыту немесе қорлау.

Кибербуллинг депрессия, үрей, өзін-өзі төмен бағалау, эмоциялық бұзылулар, психобелсенді заттарды қолдану және суицидтік мінез-құлық сияқты психикалық денсаулықпен маңызды проблемаларды дамытуға ықпал ете отырып, жасөспірімдердің денсаулығына теріс әсер етеді.

Білім беру ұйымдарындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша

заңнамалық нормативтік құжаттар

Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу саласында жұмысты ұйымдастыру және жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын тиісті нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алу қажет.

- Қазақстан Республикасының конституциясы;
- «Бала құқығы туралы БҰҰ конвенциясы»;
- Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі бекіткен «Педагогикалық әдептілік ережелері»;
- Білім беру ұйымдарының ішкі құжаттары (жарғы, жергілікті актілер, бұйрықтар, нұсқаулықтар) ішкі өкімдік ережелер, оқу-тәрбие қызметін және тәртіппен қауіпсіздікті сақтауды реттейді.

## НӘТИЖЕЛЕРІ

*Білім беру ұйымдарында буллингтің, кибербуллингтің, моббингтің алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру*

Кибермоббинг пен кибербуллингтің алдын алу мақсатында білім алушылардың агрессиялық және құрбандық мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындауының алдын алу бойынша білім алушылармен топтық және жеке жұмысты ұйымдастыру керек.

Білім алушылардың қарым-қатынас клубтарына, тренинг бағдарламаларына қатысуы: моббинг пен буллингтен қорғау бойынша коппинг-стратегияларды қалыптастыру, жасөспірімдер арасында агрессиялық мінез-құлықтың алдын алу, жасөспірімдер арасында құрбандық мінез-құлықтың алдын алу, оқушыларды моббинг пен буллингтен қорғаудың тиімді дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді, құрдастарымен жанжалсыз тұлғааралық өзара іс-қимылды үйретеді, қатысушылардың агрессиялық мінез-құлқын түзетуге жағдай жасау.

Интернет-кеңістікте зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша білім алушылармен және ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру және оның мазмұны мәселелерінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру бойынша профилактика субъектілерінің мамандарын әдістемелік сүйемелдеу жеке блок болып табылады. Кәсіби шеберлік тренингтерінің бағдарламаларынан, практикаға бағытталған семинарлардан, шеберлік сыныптарынан өту, дөңгелек үстелдерге қатысу мамандарды агрессияның себептері мен салдарларымен, «моббинг» және «буллинг» ұғымдарының айырмашылықта-

рымен және оларды қалыптастырудың негізгі фазаларымен таныстыру қажет.

Сондай-ақ, қатысушыларға кәметке толмағандар арасында әлеуетті мобберлер мен буллерлерді, сондай-ақ олардың құрбандарын ерте анықтаудың әлеуметтік-психологиялық технологияларын зерделеу мүмкіндігі беріледі.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру ұйымдарындағы буллинг, кибербуллинг, моббинг бүкіл әлем бойынша білім алушылар арасында жиі кездесетін мәселе. Тіпті бір білім алушыға қатысты қайталанатын агрессивті мінез-құлық барлық білім алушыларға кері әсерін тигізіп, буллингтің тікелей қатысушыларына ғана емес, оның куәгерлеріне де әсер етеді. Көптеген буллинг, кибербуллинг, моббингтің алдын алу бағдарламалары бар болғанымен, олардың барлығы тиімді болып табылған жоқ.

Осы тақырып бойынша зерттеулердің көптігі әлі көптеген елдер үшін қолайлы болатын буллинг, кибербуллинг, моббингке қарсы біртұтас модельді жасауға әкелген жоқ. Бұған қоса, сол немесе басқа мемлекет тапсырыс берген буллингке қарсы бағдарламалардың тиімділігін бағалау қиын, өйткені мұндай бағдарламалардың назары жергілікті проблемаларға бағытталған болуы мүмкін.

Әлемнің әртүрлі елдерінде жұмыс істейтін ең танымал буллинг, кибербуллинг, моббингке қарсы бағдарламаларды зерттеу біздің елімізде мүмкін болатын буллинг, кибербуллинг, моббингке қарсы бағдарлама туралы ойлаудың бастапқы қозғаушы тетігі болады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРКТЕР ТІЗІМІ:

1. Olweus D., Solberg M.E., Breivik K. Long-term school-level effects of the Olweus Bullying Prevention Program (OBPP) // *Scandinavian journal of psychology*. 2018
2. KiVa globally. <http://www.KiVaProgram.net/around-the-world>

3. *Positive Action*. <https://www.blueprintsprograms.org/programs/positive-action/>

4. <https://mk-kz.kz/social/2020/11/13/bolshinstvo-kazakhstanskikh-detey-stalkivayutsya-so-shkolnym-nasiliem.html>

Сақтағанов Б.К.

**ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОФИЛАКТИКИ БУЛЛИНГА, КИБЕРБУЛЛИНГА, МОББИНГА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ**

Национальная академия образования им. И. Алтынсарина

г. Астана, Казахстан

e-mail: balabiken@mail.ru

**Аннотация.** В статье рассматриваются психолого-педагогические аспекты профилактики буллинга, кибербуллинга и моббинга в образовательных организациях. Проведено сравнительный анализ международных программ против буллинга, кибербуллинга, моббинга (OBPP, KiVa, Positive Action). В сфере профилактики буллинга, кибербуллинга и моббинга в организациях образования указаны соответствующие нормативные правовые акты, применяемые на территории Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** буллинг, кибербуллинг, моббинг, обучающий, интернет, личность, программа, психология, компетентность, поведение.

Saktaganov B.K.

**PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL ASPECTS OF PREVENTION OF BULLYING, CYBERBULLYING, MOBING IN EDUCATIONAL ORGANIZATIONS**

National Academy of Education named after I. Altynsarin,

Astana, Kazakhstan

e-mail: balabiken@mail.ru

**Abstract.** The article discusses the psychological and pedagogical aspects of the prevention of bullying, cyberbullying and mobbing in educational organizations. A comparative analysis of international programs against bullying, cyberbullying, mobbing (OBPP, KiVa, Positive Action) was conducted. In the field of prevention of bullying, cyberbullying and mobbing in educational institutions, the relevant regulatory legal acts applied in the territory of the Republic of Kazakhstan are indicated.

**Keywords:** bullying, cyberbullying, mobbing, training, internet, personality, program, psychology, competence, behavior.

FTAMP 14.43.51

**К.Ф. ЕЛШІБАЕВА***Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,  
Астана қ., Қазақстан.*

## **ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚЫЛМЫСҚА БАРУ СЕБЕПТЕРІНІҢ ГЕНДЕРЛІК СИПАТТАМАСЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада әлеуметтік нормадан ауытқу, оның әртүрлілігіне қарамастан, оның өсуіне және көп таралып кетуіне әкелетін ортақ себептерінің алдын алу зерделенген. Тұлғаның әлеуметтік ортамен өзара әсерін бұзушы және нормативті жүйемен келіспеушілік тудыратын объективті және субъективті қарама-қайшылықты жақтауға әкеп тірейді. Қазіргі заман жеткіншектерін, жоғарыда талдап кеткендей құқыққа қарсы мінез-құлыққа бейімделуіне не себеп болуда? Осы бағытта автор әдеби шолу әдісін қолдану арқылы отандық және шетелдік ресурстарға мәлімет жинады. Жоғарыдағы сұрақтарға жауап беру үшін, жас ұрпақтың әлеуметтенуіндегі гендерлік аспектілеріне жүгіну арқылы тұжырымдар жасалды.

**Түйін сөздер:** жабық мекеме, кәмелетке толмағандар, гендерлік ерекшелік, девиантты және делинквентті мінез-құлықтар, маскулинділік, феминдік, андрогиндік.

### **КІРІСПЕ**

Қазақстанның гендерлік саясатты мақұлдауының ерекшелігі оның өркениеттік ел екендігінің негізі болып отыр.

Жаңа философия әлемінің үш компонентін бөліп көрсетілген – әлем, гендерлік серіктестік және жарыққа шығу [1]. Ғалымдар еліміздің болашағы туралы ойлана отырып, «шынайы демократия гендерлік демократиясыз мүмкін емес» деген қорытынды жасайды.

Қазіргі уақытта «Қазақстандағы гендерлік білім беру бағдарламасының» жобасы бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сондықтан жастарды дұрыс тәрбиелеуде оларға гендерлік ерекшеліктерге қатысты білім беру қажет. Сонымен гендерлік фактор, біздің ойымызша жаһандандырудың стандартизация, бірыңғайлық, біржақтылық сияқты жағымсыз салдарды жеңуге мүмкіндік береді. Гендерлік қатынас – бұл процесске қайта-

ланбаушылық және әртүрлілікті енгізуге қабілетті [1].

Уақыт әр кезде өзгереді, сондықтан да, қазіргі заман психология ғылымының ең басты мәселесі, үнемі өзгерісте болатын сыртқы ағымдағы тұлғаның өзгеруін, оның өмірлік жолын зерттеу болып келеді. Онтогенездің әр жас кезеңінде тұлға әртүрлі жас ерекшеліктеріне ие екендігі бұрыннан белгілі.

Қазіргі заманның әлеуметтік-психологиялық ғылымы жыныс пен гендер түсініктерінің айырмашылықтарын ашып береді. «Жыныс» түсінігі ер мен әйелдің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін, яғни адамның биологиялық ерекшеліктерін белгілеу үшін қолданылады. «Гендер» түсінігі ерлер мен әйелдердің рөліндегі, мінез-құлығындағы, менталды және эмоцияналдық сипаттамаларындағы қоғамның қалыптастыруымен болатын

айырмашылықтарды белгілейтін күрделі әлеуметтік-мәдени процесс. Гендерлік аспектер теориялық жағынан аз зерттелген және қазіргі заман жеткіншектерінің мінез-құлқы мен санасын қалыптастыруда аса маңыздылық танытуда. Гендерлік қатынас нақтылықты тану тәсілдерінде психикалық құбылыстарға «жыныссыздық көзқарасты» алып тастауды көздесе де, «ер» мен «әйелдікте» иерархия мен поляризация жоқ. Алайда, девиантты мінез-құлықтың гендерлі жағынан қарастырғанда құқыққа қарсы әрекеттер назардан тыс қалып отыр. Бұл осы жұмыстың өзектілігі мен қажеттілігін білдіруде.

#### ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Зерттеудің мақсаты: пенитенциарлық мекемелердегі тәрбиеленушілердің қылмысқа барудағы психологиялық тұрғыдағы гендерлік ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеудің негізгі міндеттері.

1. Отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектеріндегі пенитенциарлық мекемелердегі тәрбиеленушілердің психологиялық тұрғыдағы гендерлік ерекшеліктеріне теориялық шолу.

2. Жабық мекемелердегі жасөспірімдердің қылмыстық жолға түсуіндегі гендерлік тип ерекшеліктеріне сипаттама. Оны теориялық тұрғыда негіздеу және тәжірибелік түрде анықтау.

3. Делинквентті мінез құлыққа бейім жасөспірімдердің гендерлік ерекшеліктеріне байланысты қылмысқа баруды зерттеу жолын қарастыру.

4. Делинквентті маскулинді типті тәрбиеленушілермен педагогикалы-психологиялық-әлеуметтік тұрғыда жүргізілетін түзету жұмыстарының бағдарламасын құрастыру.

5. Пенитенциарлық мекемелердегі тәрбиеленуші жасөспірімдердің делинквентті мінез-құлықтарының негізгі

гендерлік ерекшеліктерін (типтерін) айқындауға арналған әдістемелерді дамыту.

#### АҚПАРАТТЫ ЖИНАУ МЕН ӨҢДЕУДЕ ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДІСТЕР

Ақпараттарды жинақтау және талдау екі кезеңнен тұрды: бірінші кезең зерттеліп отырған мәселенің ғылыми аппаратын анықтауда, жетілдіріп және өңделуіне байланысты отандық және шетелдік (философиялық, әлеуметтік, педагогика-психологиялық) әдебиеттерден талдау, жинақтау). Екінші кезеңде әдістемелік базаны анықтап нақтылауға, зерттеудің негізгі болжамын жасауға, тәжірибелік-эксперименттік әдістемелерінің мазмұнын анықтауға, ұсынылған болжамның эксперименттік негізделуіне, тәжірибелік әдістемелердің мазмұнын анықтауға, пенитенциарлық мекемелердегі кәметке толмаған делинквентті мінез-құлыққа бейім жасөспірімдердің гендерлік ерекшеліктеріне байланысты негізгі қорытындылар тұжырымдалып, бағдарлама құрастыруға арналды.

Әдістер салыстырмалы, педагогикалық-психологиялық, коррекциялық (түзету) жұмыстардан (әлеуметтік-психологиялық тренингтер, жеке психологиялық кеңес, арт-терапия) құралды.

-маскулиндік-феминдік таптауырындарды зерттеуге қолданылатын С. Бем сұрақнамасы; өзіндік бағаны анықтауға арналған Дембо-Рубинштейн әдістемесі; тұлғаның мінезінің акцентуациясын анықтауда Леонгард-Шмишек сұрақнамасы (қылмыс түрлеріне байланысты); Спилбергер-Ханин әдістемесі, агрессиялықты анықтауда «Әлемде жоқ жануар» жобалық тест; агрессияның түрлерін анықтауда Басс-Дарк әдістемесі; делинквентті мінез-құлықты анықтаудағы отандық ғалым А.Т. Ақажанованың авторлық тесті; эмпатия деңгейін айқындауда В.В. Бойко әдістемесі; тұлғаны зерттеу әдістемелері: жеке әңгіме,



бақылау, сотталушының жеке картасына талдау; жалпы әдістемелер (жинақтау, талдау, салыстырму). Тәжірибелердің қорытындыларын өңдеуде математикалық статистика әдістемелері қолданылды (пайыздық қатынас, EXSEL бағдарламасы, корреляциялық талдау, U-критерий Манна-Уитни т.б.).

### ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Мекемелердегі құқыққа қарсы тұруға бейім кәмелетке толмаған тәрбиеленушілердің Қазақстан Республикасы Қылмыс Кодексі баптары бойынша жасалған қылмыс түрлерінің қорытындысы, диагностика жүргізер алдында Л4 (қыз балалардың түзету мекемесі) және Л6 (ер балалардың түзету мекемесі) мекемелерінің арнайы бөлімдерінен алынған мәліметтер негізінде құрастырылды.

Л4 және Л6 пенитенциарлық мекемелеріндегі бас бостандығынан айырылған тәрбиеленушілердің жекелік карталарымен таныса келе, қылмыс жасау салаларын талдай отырып, делинквентті мінез-құлыққа бейім жасөспірімдердің төмендегідей қылмыстарды жасау түрлерін бақыладық: кісі өлтіру, ұрып соғу, кісі тонау, адамды кепілдікке алу, бұзақылық, мүлікті ұрлау сияқты түрлері қыздарда да, ұлдарда да кездеседі, ал қыздардың жасаған қылмыстарынан ерекше, жыныстық зорлау сияқты қылмыс түрін ер балалардың жасайтындығы белгілі.

Бүгінгі таңдағы экономикалық-әлеуметтік жағдай әр отбасы жағдайына дағдарыстар әкелсе, оның салдары келешек ұрпаққа да өз ізін қалдыруда, яғни қоғамдағы жұмыссыздық, күн көріс көзінің төмендеуі отбасы тәрбиесінің әлсіреуіне үлкен септігін тигізуде. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің жасаған қылмыстарының сандық және сапалық жағынан талдайтын болсақ, ер балалар мен қыз балалардың қылмыс

жасау түрлері мен деңгейлері қазіргі таңда теңдесуде деп те айтуға болады. Әйелдер бұрынғы заманда әр түрлі қылмыстардың (зорлау, бұзықтық, айлакерлік, соққы, ұрлап алып қашу т.б.) құрбаны болатын болса, қазіргі таңда қылмыс жасаудан ерлерден кем түспеуде. Оның дәлелі ретінде осы зерттеу жұмысының барысында біраз көз жеткіздік. Нәзік жандарға тән емес тонау, бұзақылық, қарақшылық шабуыл, ұрлық, адам өлтіру, есіртке сақтау, нашақорлыққа салыну деген сияқты қылмыстың түрлері, өкінішке орай қыздар тарапынан көрініс алып отыр. Онымен қоса, италяндық ғалым Ч.Ломброзоның пікірі бойынша тек әйелдерге ғана тән жезөкшелік - туа біткен бұзылушылықтың, әдепсіздіктің бастамасы - қазіргі кезде қыздардың үйреншікті әдетіне айналды [2]. Ал осының барлығына әсер ететін не деген сұрақ туындайды. Л4 мекемесіндегі кәмелетке толмаған қыздармен жеке психологиялық кеңес, жеке әңгіме төңірегінде көз жеткізгеніміз, олардың анасына ұқсау көп сипат алады, олар өздерінің шешелерінің жасаған барлық қылықтарын қайталағысы келеді, материалды жағынан жетістік ең жоғарғы құндылық деп есептей отырып, оған жету үшін, «қатарынан қалмас» үшін қолдарынан келген іс-әрекеттерді барынша іске асырады. Бұл әрекеттер әрине тонау, ұрлық, қарақшылық шабуыл, өлтіру, басқа адамның сеніміне ене отырып алдап-арбап бағалы мүлкіне зиян келтіру, сонымен қоса жезөкшелік.

Кәмелетке толмаған жеткіншектердің жасаған қылмыстық істермен таныса келе, ұрлық жасаған жасөспірімдердің ұрлайтын заттары көбінесе ұсақ-түйек. Кейде олар ұрлаған заттарын қызығып алса, кейде саналы түрде алады. Осындай қылмысқа қоса қазіргі таңда көбейіп кеткен қылмыстың бір түрі – бұзақылық, жоғарыда қыздар арасында кездесетіндей қарақшылық шабуыл, болмашы нәр-

сеге кектеніп төңірегіндегілерден өш алу, көше-көшеге, ауыл-ауылға бөлініп төбелесу, аяғы әрине қылмысқа соқтырады. Ер балаларда көп кездесетін қылмыстың бір түрі – жыныстық зорлау. Жеткіншек жаста орталық жүйке жүйесінің қозуына байланысты, қалыпты жағдайдағы жүйке жүйесінің тітіркендіргіш күші мен оған деген реакция, жас мөлшері мен жекелік ерекшеіктер қатынасы бұзылады. Жүйке орталығы бұл кезеңде қозу тежелуінен асып түсу қызметін жасайды, сондықтан да содан келетін әсерлерге жеткіншектер, ересектер мен қоршаған ортаның әрекетіне өз бетінше реакция береді. Жыныстық гормондар дененің барлық клеткаларына әсерін тигізеді, бірақ та олардың әсерінің екі бағыты болады: біріншіден, ұлдар мен қыздарда екі жыныстық белгілері дами бастайды, яғни, жеткіншектің басқа жыныс адамына деген қызығушылығы пайда бола бастайды; екіншіден, жыныстық гормондар жүйке орталығына арнайы әсер етеді, яғни, жыныстық сипат беретін барлық ақпараттар жеткіншек үшін өзекті бола бастайды. Осы кезеңде жеткіншек өзін өзіне мақұлдату үшін, неше алуан қиялдарға беріле, қалай қылмысқа, яғни жыныстық зорлауға барғанын сезбей де қалады. Бұл фактор да отбасындағы ерлі-зайыптылардың балалардың көзінше ашықтан ашық жыныстық қатынасқа баруы, жеткіншектердің нешеалуан порно фильмдерді жасырын көруі және т.б. себептер көптеп кездеседі. Ал, қыз балалардың жезөкшелікке салынуын жалпы қылмыс деп есептеп айыптайтын ҚР Қылмыстық Кодексінде бап жоқ, негізінде қыздарды, жалпы әйелді жыныстық зорлаушылыққа итермелейтін жәбірленушілердің өздері болып келеді. Себебі, ашық-шашық киіну, ересек ер адамдармен, ер балалармен қалай болса солай аддиктивті қарым-қатынаста болу, өз денесін өзі сату, осы жезөкшелікті «кәсіпке» айналдырудың өзі қылмысқа

жатады, өкінішке орай қазіргі таңда жезөкшелер жазаланбауда.

Жабық мекемелердегі делинквентті мінез-құлықты жасөспірімдердің педагогикалық-психологиялық тұрғыдағы гендерлік ерекшеліктері дегеніміз – маскулиндікке тән: тәуелсіздік, агрессивлік, көшбасшылық, ерлікке ұмтылыс, шешім қабылдағыштық, төмен дәрежедегі эмпатия т.с.с көрініс беретін қасиеттер.

Гендердің шығу тарихы және дүние жүзі ғалымдарының гендер туралы тұжырымдамаларымен ұштастыра келсек, гендерлік психология – адамдардың жыныстық тәнділігіне байланысты әлеуметтік мінез-құлқын детерминациялаушы, тұлғаның гендерлік бірдейлік (ұқсастылықтар) сипатын зерттеуші психологияның бөлімі. Бұл саладағы психологиялық зерттеулер адамдардың әйелдер мен ерлердің жынысының тұлғалық сипаттарын салыстырмалы зерттеуге бағытталған.

Адамдарды еркек пен әйелге бөлу адамның психикасы мен мінез-құлқына тән түйсігінің өзгешелігімен анықталады. Көбісі, бұл өзгешеліктерді ерлер мен әйелдер организмнің генетикалық, анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты деп есептейді. Ерлер мен әйелдердің қарама-қарсылық идеясы барлық белгілі қоғамдардың дәстүрлері мен аңыздарынан басталған. Ол әртүрлі әлеуметтік институттарда (отбасы, әскер, тәрбие мекемелері, әділеттік органдары) бекітілген.

Гендер – бұл ерлер мен әйелдердің әлеуметтік міне-құлқын, олардың өзара қарым-қатынасын анықтайтын мәдени сипаттамалардың өзіндік жинағы. Сонымен, гендер, тек әйелдер немесе ерлерге ғана емес, олардың арасындағы қарым-қатынасқа, бұл қатынастардың әлеуметтік құрылу әдісіне де, яғни, жыныстардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасына және бұл қатынастардың

қоғамдағы «қатарға енуіне де» жатады. Класстар, нәсіл және этностық концепциялар секілді, «гендер» түсінігі де әлеуметтік процесстерді түсіну үшін аналитикалық инструмент болып келеді.

Қылмыстық жолға байқамай түскен, немесе қастандықпен барған жасөспірімдер, қалай болса да қоғамның мүшелері болғандықтан, оларды шеттетпей, уақытында қол ұшын созып, дұрыс жолға түсуде бағыт-бағдар беру әлеуметтік қызметкерлер, педагогтар мен психологтардың борышы екенін айта келе, осыған арналған зерттеулердің Қазақстанда жүргізілгені өте маңызды екеніне көзіміз жетті. Осы төңірегінде, Л4 және Л6 пенитенциарлық мекемелерінің тәрбиеленушілерінің педагогикалық-психологиялық тұрғыда гендерлік ерекшеліктерін зерттей отырып психологиялық көмек берудің тәрбиеленушінің қоғамда бейімделуіне ықпал ететіні өзекті мәселе екенін көрсетті.

Бірінші кезеңде жеткіншектерде гендерлік типті анықтау үшін С. Бемнің феминдік-маскулиндік әдістемесі бойынша зерттеу жүргізілді.

Бұл сұрақнаманы Сандра Бем жасап, жетілдірген. Әдебиеттерде оны жыныстық рөлдердің BSRI (Bem Sex Role Inventory) анкетасы (сұрақнамасы) деп атайды. Сұрақнама маскулиндік және феминдік сипаттамаларының айқындалу деңгейін көрсетуге, сонымен қатар тұлғаның маскулиндік, феминдік және андрогиндік типтерін анықтауға мүмкіндік береді. Бем [5] сұрақнамасы – ересек адам өзін гендерлік көзқараста қалай бағалайтындығын білуге арналған құрал ретінде жиі пайдаланылады. Сұрақнама зерттелуші өзін әрқайсысы 7 баллдық шкалада дәл бағалай алатындай 60 сын есімдерден тұрады. Бұл тізімдегі жиырма сын есімдер еркектік шкаланы құрады: еркекше, талдаушы, кеудемсоқтық, агрессиялы, доминанттық (басқын-

шы) және т.б.; тағы жиырма екі әйелдік (нәзіктік) шкаланы құрайды: жұмсақтық, жылылық, баланы жақсы көрушілік, айналасындағыларға қамқоршы және т.б.; ал қалған жиырма екі – бейтарап: қызғаншық пейілі тар, сенімді, байсалды, өте жоғары өзіндік ой-пікірмен, әдепті. Сын есімдер, шкала құрастырылған уақытта қандай сипаттамалар гендерлік болып есептелді, сол сәтте сұрыпталды. Бұл тұлғаның жеке басын зертеу үшін емес, мәдениет контекстінде гендердің орнын анықтау әрекеті еді [6].

Ер және әйелдік шкала бойынша көп балл жинаған адам андрогинді деп аталады; әйелдік шкаладан көп ұпай, ал ер шкаласынан аз ұпай жинаған адам нәзіктік болып есептеледі; ал ер шкаласынан көп, әйелдік шкаладан аз балл жинаған адам ер жүрек болып есептеледі. «Дифференциалды емес» категориясына жататындар екі шкаладан да төмен балл алғандар. «Жыныстық типтелген» деп, өзін-өзі анықтауы және мінез-құлқы қоғамдағы гендерлік экспектациялармен сәйкес келіп жатқандар аталады.

Жүргізуші бланктер таратып, онда көрсетілген тапсырманы орындауды нұсқау бойынша ұсынады.

#### ҚОРТЫНДЫНЫ ӨНДЕУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

Қортынды нұсқау бойынша өңделеді. Тұлғаның типін алғашқы белгілерінің негізінде анықтауға болады: маскулинділік көрсетіштің жоғарылығы және феминділік көрсеткіштің төменділігі тұлғаның маскулиндік типіне сәйкес келеді; маскулинділіктің төмендігі мен феминділіктің жоғарылығы феминдік типті сипаттайды; маскулинділік пен феминділіктің жоғарғы көрсеткіштері андрогинділіктің жоғарғы деңгейін көрсетеді; маскулинділік пен феминділіктің төменгі көрсеткіштері андрогинділіктің төменгі деңгейін көрсетеді. Тұлғаның типін анықтаудың екінші варианты маскулин-

ді-феминділік индексінің санауына негізделген.

Талдауда С. Бемнің андрогиния тұжырымдасы қолданылады. Андрогиния - дәстүрлі әйел мен ердің сипаттарының тіркесімі – жағдайға байланысты іс-әрекетін вариациялай алу қабілетін көрсететін адамның психологиялық мінездемесінің маңыздылығы; ол өмірлік іс-әрекеттің әр түрлі салаларында жетістікке жетуде және әр түрлі күйзелістерге қарсы тұра алушылықты қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Андрогин тұжырымдамасының мәні – әйелдік және ердің дәстүрлі қасиеттерін бірдей бағалауында. Ерлердің ерлік қасиеттерін көрсетуде оның тартымдылығына баса көңіл бөлуге маңызды болып келеді. Талдау үрдісінде, андрогинді типтегі адамдар өте жоғары дәрежедегі әлеуметті-психологиялық бейімделуге ие екендігіне қатысушылардың назарын аударған жөн. Талдау қатысушылардың жеке тәжірибесіне сүйеніледі.

Феминдік (F) және маскулиндік (M) көрсеткіштері төмендегі формулалармен анықталады.

F = (феминдік бойынша ұпайлар қосындысы): 20

M = (маскулиндік бойынша ұпайлар қосындысы): 20

IS негізгі индексі

**IS = (F-M)х 2,322 бойынша анықталады**

Егер индекс мөлшері -1 ден +1 ге дейін анықталса, онда андрогинділік туралы айтылған. Егер индекс -1 ден кіші болса, онда ол маскулинділік туралы айтылған, ал индекс +1-ден артық болса, онда феминділік туралы айтылған; егер индекс + 2,025 тен артық болса, онда айқын білінген феминділік туралы, ал индекс -2,025 тен кіші болса, онда айқын білінген маскулинділік туралы айтылған [7].

Зерттеуге 14-17 жас аралығындағы төрт топ қатысты. Сұрақнама Л6 және Л4

мекемелерінің 256 тәрбиеленушілері мен лицейдің 337 тәлімгерлеріне, яғни жалпы саны 593 қатысушыға жүргізілді. Солардың ішінен зерттеу жұмыстары үшін әр топтан 26 қатысушыдан алдық, сонда жалпы зерттеуге қатыстырылғаны 104 қатысушы. Зерттеу коррекциялық жұмысқа дейін және одан кейін жүргізілгеннен соңғы мәліметтер өңделді және төрт негізгі топ айқындалды.

Маскулиндік типке тән ерлікке ұмтылу, көшбасшылыққа талпыныс, агрессиялық, шешім қабылдағыштық, тәуелсіздік сияқты қасиеттердің делинквентті мінез-құлықты топта көбірек көрініс беретіндігін, жоғарыда өткізілген әдістемелерден алынған мәліметтер өңделді.

Тәуелсіздік қасиеті Л4 мекемесінің тәрбиеленушілерінде 91 пайызды құраса, Л6 мекемесінің тәрбиеленушілерінде 68 пайызды көрсетіп отыр, ал лицейдің ер балаларында 55 пайыз бен лицейдің қыздарында 60 пайызды құрады, яғни құқыққа қарсы тұруға бейім, делинквентті мінез-құлықты жеткіншектерде тәуелсіздік пайыз көрсеткіші жоғары.

Көшбасшылық қасиеті Л4 мекемесінің тәрбиеленушілерінде 97 пайызды құраса, Л6 мекемесінің тәрбиеленушілерінде 77 пайызды көрсетіп отыр, ал лицейдің ер балаларында 53 пайыз бен лицейдің қыздарында 60 пайызды құрады, яғни құқыққа қарсы тұруға бейім, делинквентті мінез-құлықты жеткіншектерде көшбасшылыққа ұмтылу пайыз көрсеткіші жоғары.

Шешім қабылдағыштық қасиеті Л4 мекемесінің тәрбиеленушілерінде 98 пайызды құраса, Л6 мекемесінің тәрбиеленушілерінде 79 пайызды көрсетіп отыр, ал лицейдің ер балаларында 49 пайыз бен лицейдің қыздарында 60 пайызды құрады, яғни құқыққа қарсы тұруға бейім, делинквентті мінез-құлықты жеткіншектерде шешім қабылдағыштық қа-

сиеттің пайыз көрсеткіші жоғары.

Ерлікке ұмтылыс қасиеті Л4 мекемесінің тәрбиеленушілерінде 69 пайызды құраса, Л6 мекемесінің тәрбиеленушілерінде 71 пайызды көрсетіп отыр, ал лицейдің ер балаларында 57 пайыз бен лицейдің қыздарында 51,1 пайызды құрады, яғни құқыққа қарсы тұруға бейім, делинквентті мінез-құлықты жеткіншектерде ерлікке ұмтылыстың пайыз көрсеткіші жоғары.

Агрессиялық сипат Л4 мекемесінің тәрбиеленушілерінде 81 пайызды құраса, Л6 мекемесінің тәрбиеленушілерінде 78 пайызды көрсетіп отыр, ал лицейдің ер балаларында 35 пайыз бен лицейдің қыздарында 45 пайызды құрады, яғни құқыққа қарсы тұруға бейім, делинквентті мінез-құлықты жеткіншектерде агрессиялылықтың пайыз көрсеткіші жоғары.

Сонымен, тәуелсіздік, көшбасшылық, шешім қабылдағыштық, ерлікке ұмтылыс, агрессиялық сияқты маскулиндік типке тән қасиеттер құқыққа қарсы бейім делинквентті мінез-құлықты жеткіншектерде жоғары көрініс берді.

Екі іріктеменің арасындағы маңызды айырмашылықты бекіту мақсатында алынған мәліметтерді Манна-Уитни U-критерий көмегімен математикалық-статистикалық өңдеуден өткізген кезде айырма расталды:


Физикалық агрессияның Л4 мен Лицей қыздарының арасындағы айырмашылығы Манна-Уитни U-критерийінің автоматты есептелуі:

**Қорытынды: UЭмп = 208.5**

Сынды мәні:

U <sub>Эмп</sub>	
p ≤ 0.01	p ≤ 0.05
210	247

**Мәнділік ось:**



Алынған **эмпирикалық мәні UЭмп(208.5) мәнділік аймағында орналасқан.**


Жанама агрессияның Л4 мен Лицей қыздарының арасындағы айырмашылығы Манна-Уитни U-критерийінің автоматты есептелуі:

**Қорытынды: UЭмп = 214.5**

Сынды мәні:

U <sub>Эмп</sub>	
p ≤ 0.01	p ≤ 0.05
219	258

**Мәнділік ось:**



Алынған **эмпирикалық мәні UЭмп(214.5) мәнділік аймағында орналасқан.**


Вербальді агрессияның Л4 мен Лицей қыздарының арасындағы айырмашылығы Манна-Уитни U-критерийінің автоматты есептелуі:

**Қорытынды: UЭмп = 59.5**

Сынды мәні:

U <sub>Эмп</sub>	
p ≤ 0.01	p ≤ 0.05
210	247

**Мәнділік ось:**



Алынған **эмпирикалық мәні UЭмп(59.5) мәнділік аймағында орналасқан.**


Физикалық агрессияның Л6 мен Лицей ұдарының арасындағы айырмашылығы Манна-Уитни U-критерийінің автоматты есептелуі:

**Қорытынды: UЭмп = 115**

Сынды мәні:

U <sub>Эмп</sub>	
p ≤ 0.01	p ≤ 0.05
201	237

**Мәнділік ось:**



Алынған **эмпирикалық мәні Уэмп(115) мәнділік аймағында орналасқан.**


Жанама агрессияның Л6 мен Лицей ұдарының арасындағы айырмашылығы Манна-Уитни U-критерийінің автоматты есептелуі:

**Қорытынды: УЭмп = 110**

Сынды мәні

U <sub>кр</sub>	
p ≤ 0.01	p ≤ 0.05
210	247

Мәнділік ось:



Алынған **эмпирикалық мәні Уэмп(110) мәнділік аймағында орналасқан.**


Вербальді агрессияның Л6 мен Лицей ұдарының арасындағы айырмашылығы Манна-Уитни U-критерийінің автоматты есептелуі:

**Қорытынды: УЭмп = 24**

Сынды мәні

U <sub>кр</sub>	
p ≤ 0.01	p ≤ 0.05
219	258

Мәнділік ось:



Алынған **эмпирикалық мәні Уэмп(24) мәнділік аймағында орналасқан.**

Зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес жабық мекемелердегі тәрбиеленушілердің қылмысқа барудағы гендерлік ерекшеліктері анықталып, оған педагогикалық және психологиялық әсер етудің бағдарламасы дайындалып өзінің тиімділігін көрсетті.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының гендерлік саясатына сәйкес бұл

мәселе өзекті болып отыр. Зерттеуде белгіленген болжамдар теориялық және эксперименталдық жағынан толығымен дәлелденіп, зерттеу нәтижелері бойынша келесі қорытындылар жасалды:

Теориялық талдау нәтижесінде «пенитенциарлық мекемелердегі кәмелетке толмаған тәрбиеленушілер»: «Пенитенциарлық мекемелердегі кәмелетке толмаған тәрбиеленушілер - әлеуметтік-психологиялық нормадан ауытқыған, мінез-құлқында қылмысқа бейім іс-әрекеті бар, қарым-қатынаста этностық жағынан әртүрлі көрініс беретін делинквентті жасөспірімдер» және «жабық мекемелердегі делинквентті мінез-құлықты жасөспірімдердің гендерлік ерекшеліктері»: «Жабық мекемелердегі делинквентті мінез-құлықты жасөспірімдердің педагогикалық-психологиялық тұрғыдағы гендерлік ерекшеліктері - маскулиндікке тән: тәуелсіздік, агрессиялық, көшбасшылық, ерлікке ұмтылыс, шешім қабылдағыштық, төмен дәрежедегі эмпатия т.с.с көрініс беретін қасиеттері» ұғымдарына авторлық анықтамалар берілді.

Пенитенциарлық мекемедегі жасөспірімдердің эмпатиялық сезім деңгейі девиантты емес мінез-құлықты жеткіншектерге қарағанда тежелген және өзін-өзі бағалау шкаласы едәуір төмен.

Делинквентті мінез-құлыққа бейім жасөспірімдердің педагогикалық-психологиялық тұрғыдағы гендерлік ерекшеліктеріне байланысты түзету шараларының бағдарламасы ұсынылды және өзінің тиімділігінің көрсеткіштерінің жоғарылығына байланысты пенитенциарлық мекемелерде осы бағдарламаны қолдануға кеңес беріледі.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:**

1. Сарсембаева Р. «Гендерная политика – новая философия мира» Саясат-Policy № 5, 2008

2. Акажанова А.Т., Елшибаева К.Г. Влияние социальной изоляции на психическое состояние осужденных женщин // Тезисы докл. межд. конф. Мировая цивилизация и Казахстан. – Алматы, 2007. – Ч.2. – С. 107-110.
3. Уголовно-исполнительный Кодекс Республики Казахстан. – Алматы: Юрист, 2003.
4. Оспанова Д.Б. Қазіргі Қазақстандағы гендерлік психологиялық зерттеулердің дамуы. Мақала. Жоғары білім берудің қазіргі мәселелері: жетістіктері және болашағы. Академик Т.Т. Тәжібаевтің туғанына 100 жыл толуына арналған қалықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. -2010, 105-108 бб.
5. Bem S.L. The measurement of psychological androgyny // Journal of Consulting and Clinical Psychology, 1974, v. 42, p. 165-172
6. Берн Ш. Гендерная психология СПб.: Прайм-ЕВРОЗНАК, 2001
7. Малкина-Пых. Гендерная терапия. Справочник практического психолога. Москва, ООО «Изд-во «Эксмо» 2006. 26с.

Елшибаева К.Г.

### ГЕНДЕРНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ПРИЧИН СОВЕРШЕНИЯ ПРЕСТУПЛЕНИЯ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИМИ ВОСПИТАННИКАМИ ПЕНИТЕНЦИАРНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ

Национальная академия образования им.Ы.Алтынсарина,  
г. Астана, Казахстан.

**Аннотация.** Несмотря на многообразие отклонений от норм поведения, в статье рассматривается профилактика отклонений от социальной нормы, общие причины, приведшие к ее росту и распространению. Взаимодействие человека с социальной средой носит деструктивный характер и приводит к объективной и субъективной оппозиции рамок, что вызывает несогласие с нормативной системой. Что заставляет современных подростков приспособиться к противоправному поведению?

Для того чтобы ответить на поставленные вопросы автор собрал и изучил материалы из отечественных и зарубежных ресурсов методом литературного обзора. Вследствие чего были сделаны выводы путем обращения к гендерным аспектам социализации молодого поколения.

**Ключевые слова:** закрытое учреждение, несовершеннолетние, гендерная специфика, девиантное и делинквентное поведение, маскулинность, феминность, андрогинность.

Yelshibaeva K.G.

### GENDER CHARACTERISTICS OF THE REASONS FOR THE COMMISSION OF A CRIME BY JUVENILE INMATES OF PENITENTIARY INSTITUTIONS

National Academy of Education named after Y.Altynsarin,  
Astana, Kazakhstan.

**Abstract.** The paper examines the prevention of common causes of increase and spread of deviation from the social norms despite its reason differences. The objective and subjective factors that reason for conflicts of individual with the normative system. What are the causes that arise conflict of modern youth with the previously mentioned nonconformist behaviour against law? With this aim using the literature review method local and foreign resources were surveyed. The gender specific socialization aspects of young people were studied in order to answer the previous questions.

**Key words:** confinement place, young people, gender, deviant and delinquent behaviours, masculine, feminism, androgynous.

FTAMP 14.29.01

**Л.А. БУТАБАЕВА, С.К. ИСМАГУЛОВА, Г.А. НОҒАЙБАЕВА,  
М.Ж. ТЕМИРБАЕВА, А.Қ. ЖҮСІП**

*Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,*

*Астана қ., Қазақстан*

*e-mail: l\_askarovna@mail.ru, svetlana\_isk@list.ru, nogaibaeva09@mail.ru,*

*maiya\_tem@mail.ru, zhussipaidana@gmail.com*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ МАМАНДАРЫНЫҢ РӨЛІ**

**Аңдатпа.** Қазақстанда инклюзивті білім беру әлемнің өзге елдері секілді білім беру жүйесін дамытудың маңызды бағыттарының бірі болып есептеледі. Себебі дамыған халықаралық қауымдастықта инклюзивті білім беру қандай да бір шектеулерсіз адамның білім алу құқығын іске асыру құралы ретінде әлдеқашан мойындалған. Мұндайда инклюзивті мәдениетті, саясатты және практиканы дамытуда мектептің тиімді жұмыс істеуінің маңызды шарты ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере келе барлық білім алушылардың жалпы білім беру ортасына қосылу процесін сапалы басқаруы, сондай-ақ педагогтер мен ата-аналардың өзгермелі әлеуметтік жағдайларға бейімделе білуі. Берілген мақалада жалпы білім беретін мектептердегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды қолдаудағы рөлі қарастырылады. Қазақстан Республикасындағы орта білім беру ұйымдары білім алушыларын психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша ғылыми-практикалық зерттеулер нәтижелері келтіріледі.

**Түйін сөздер:** психологиялық-педагогикалық қолдау, инклюзивті білім беру, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандары.

### **КІРІСПЕ**

Жеке тұлғаға бағытталған білім беруді жүзеге асырудың маңызды педагогикалық шарты – мектеп социумының біртұтас бірлігін, білім беру процесіне қатысушылардың барлығының инклюзия идеяларына бейілділігін қамтамасыз ету.

Білім беру процесінің басты нысаны – білім алушының тұлғасы мен оның қажеттіліктері, мұндайда тұлғаға бағытталған инклюзивті білім берудің басты міндеті мүмкіндіктері мен қажеттілік-

терін ескере келе кез келген тұлғаның әлеуетін максималды тану үшін жағдай жасау болып табылады.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алуы олардың әлеуметтенуінің, кәсіби және әлеуметтік қызметтің кез келген түрлерінде өз қабілетін тиімді іске асыра білуінің негізгі шарты болып табылады. Мұндай балаларға қатысты мемлекет пен қоғамның алдында тұрған негізгі міндет – қоғамға бейімдеу және әлеуметтік оңалту мақсатында білім беру және арнайы әлеумет-



тік қызметтерді алуға жағдай жасау.

Инклюзивті білім беруді дамыту процесі кешенді сипатқа ие және оған мемлекеттік құрылымдардың, ата-аналар қауымдастығының, білім беру ұйымдары мен органдарының, сондай-ақ үкіметтік емес сектордың қатысуын көздейді. Аталмыш процестерді іске асырудың маңызды кезеңі – нақты құрылымдалған мемлекеттік саясат. Ол жалпы білім беру аясындағы инклюзия принциптерін ескеретін икемді нормативтік құқықтық актілерді қамтиды.

2021 жылдың 26 маусымында мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Оған сәйкес арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысы енгізіледі, білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің функциясы реттеледі, білім беру ұйымдары басшыларының ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін жағдай жасау жауапкершілігі артады [1].

Сондай-ақ 2022 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен еліміздің мектептерінде психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру тәртібі айқындалған білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қағидалары бекітілді [2].

Білім беру жүйесін дамытудың қазіргі әлеуметтік-тарихи жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға кәсіби қолдау көрсететін мамандардың кешенді қызметінің ең қолайлы түрі психологиялық-педагогикалық қолдау болып табылады. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесі педагог-психологтардың, дефектолог-мұғалімдердің, логопед-мұғалім-

дердің, әлеуметтік-педагогтердің, ЕДШ нұсқаушыларының, педагог-ассистенттердің, медицина мамандарының, әкімшілік пен пән мұғалімдерінің, сондай-ақ балалардың өздері мен олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) жұмысын қамтиды.

Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау оқу-тәрбие процесінің міндетті құрамдас бөлігі болып табылады, оның өзектілігі қашықтықтан оқытуға шұғыл көшу кезінде білім алушылардың психоэмоциялық жағдайы мен физикалық дамуы мәселелеріне назардың жеткіліксіздігіне байланысты COVID-19 пандемиясы кезінде қашықтықтан оқытуда ерекше арта түсті.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Инклюзивті білім беру орталығы шұғыл қажеттілікке байланысты жалпы білім беретін мектептерде психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін, оның ішінде қолдаудың кең түрлерін (жеке білім беру бағытын ұйымдастыруға мұқтаж балаларды анықтау; түзету-дамытушылық көмек көрсету, жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды іске асыруды психологиялық-педагогикалық қолдау және т.б.) зерттеу жүргізді.

#### ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Зерттеудің мақсаты инклюзия жағдайында білім беру процесі тиімділігінің психологиялық-педагогикалық жағдайларын; педагогтердің, білім алушылардың, олардың ата-аналарының және білім беру процесіне өзге де қатысушылардың инклюзивті білім беру ортасы сапасына қанағаттануын анықтау болды.

Осы мақсатқа жету үшін бірқатар маңызды міндеттер орындалды, олардың ішінде: зерттеу әдіснамасын әзір-

леу, бір аймақта пилоттық зерттеу жүргізу және құралдарды түзету, далалық зерттеу жүргізу, деректерді жинау және өңдеу, алынған нәтижелерді талдау, әдістемелік ұсынымдарды және психологиялық-педагогикалық қолдау моделін әзірлеу.

### ӘДІСНАМА

Зерттеу нысандары ретінде 5 және 9 сынып білім алушылары және олардың ата-аналары; ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істейтін педагогтер, мектеп әкімшілігі, психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары

анықталды. Зерттеу нәтижелерін талдау көрсеткендей, зерттеуге қатысушы білім беру ұйымдары басшыларының 60%-ы инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуға дайындық үшін, ең алдымен, материалдық-техникалық (МТБ және жарақтандыру) және кадрлық ресурстар (мамандар) қажет деп санайды: *«ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау үшін штатқа енгізілген келесі мамандар қажет: педагог-ассистент, логопед және т.б. Сонда ғана жұмыс неғұрлым кәсіби болады»* (1-сурет).



1-сурет. Мектептердің инклюзивті білім беруге дайындық шарттары

Бұл ретте, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының біліктілігі мен кәсібилігіне сұхбатқа қатысқан директорлардың 53%-ы жоғары баға береді. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қызмет көрсету мамандары ұсынатын қызметтердің орташа сәйкестік дәрежесін респонденттердің 47% атап өтті.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының біліктілігі

мен кәсібилігіне әрбір білім алушының дайындық деңгейін, оқудағы жеке прогресті анықтау байланысты екенін атап өту қажет, бұл өз кезегінде білім алушылардың оқуға деген ынтасын арттырып қана қоймай, мектептегі білім беру процесінің сапасына да ықпал етеді.

Осыған байланысты ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқытуға байланысты барлық педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын және


мектептің барлық қызметкерлерінің (әкімшілік, сынып жетекшілері, пән мұғалімдері мен мамандары) осы саладағы өз рөлдері мен міндеттерін нақты түсінуін қамтамасыз ету қажеттілігі байқалады. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтерінің функцияларына мамандардың балалармен дамытушылық жұмысы ғана емес, сонымен қатар олардың педагогтермен, мамандармен және ата-аналармен ортақ тәсілдерді, білім алушылармен жұмыс істеудің бірыңғай стратегиясын әзірлеу бойынша тұрақты ынтымақтастығы да кіреді.

Жеке тәсілмен оқытуды қамтамасыз ету, нақты баланың ерекшеліктерін есепке алу, ерекше білім беру қажеттіліктерін мұқият бағалау негізінде оқу

бағдарламасын (оның ішінде жеке) және оқу жоспарын әзірлеу – педагогтер мен мектеп мамандары үшін оңай міндет емес. Мұның бәрі ұжымдық жұмысты, білімді, тәжірибені және педагог пен мамандардың тығыз қарым-қатынасын қажет етеді.

#### ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Білім алушыны психологиялық-педагогикалық қолдауды іске асыруға бағытталған мамандардың топтық жұмысын жүзеге асыру үшін инклюзивті білім беру орталығының қызметкерлері жүргізілген зерттеу қорытындысы бойынша проблемаларды кезең-кезеңімен шешудің үш бөлек процесін қамтитын психологиялық-педагогикалық қолдау моделін ұсынды (2-сурет).



2-сурет. Психологиялық-педагогикалық қолдау моделі

Сыныптағы қолдау – пайда болатын қажеттіліктерге ең көп таралған және бірінші жауап. Ол арнайы немесе жеке білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға бағытталған. Ұсынылған модельге сәйкес кейбір жағдайларда сыныптағы қолдау деңгейіндегі іс-шаралар білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін толық қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болады. Сондықтан сынып жетекшісі келесі кезеңге өтіп, ППҚҚ мамандарын проблемаларды шешу процесіне тартады (мектептегі қолдау). Бұл

процесс ақпаратты жүйелі түрде жинауды, мектепті қолдау жоспарын немесе білім алушылардың жеке оқу бағдарламаларын әзірлеуді және бақылауды қамтиды.

Егер білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері ауыр және/немесе тұрақты болса (мысалы, аутизм немесе есту, көру қабілетінің зақымдалуы секілді аралас бұзушылықтар), оларға тар мамандардың қарқынды қолдауы қажет болуы мүмкін (мысалы, сурдопедагог, тифлопедагог, клиника-

лық психолог және т.б.). *Мектептен тыс қолдау* (жеке қолдау), әдетте, мектеп командасына кірмейтін қызметкерлерді проблемаларды шешу, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және тікелей арнайы қолдау көрсету процесіне тартуды білдіреді. Алайда сыныптағы және мектептегі қолдау жұмыстарынан алынған ақпарат осы деңгейдегі мәселелерді шешудің бастапқы нүктесі болады. Сыныптағы қолдау және мектептегі қолдау әлі де баланың жеке оқу жоспарының маңызды элементі болады. «Білім туралы» заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес білім беру ұйымының басшылары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бұзғаны немесе білім алу үшін арнайы жағдайлар жасамағаны үшін жауапты болатынын атап өту қажет [3]. Осыған байланысты мектептің бірінші кезектегі міндетіне білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, білім алу үшін қажетті арнайы жағдайлар жасау кіреді.

Мектептердің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары мен педагогтері білім алушыларға бақылау жүргізеді, психологиялық-педагогикалық процесс қызметінің отырысында ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға қатысады, сондай-ақ білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарлама-

ларын (оқу бағдарламалары, жоспарлар, мамандардың жеке-дамытушы бағдарламалары) әзірлейді. Білім берудің әрбір деңгейінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау белгілі бір басым міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша, баршаға бірдей сапалы білім беруді қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру үшін, оның ішінде 2022 жылы Мемлекет басшысы жариялаған бала жылына арналған іс-шаралар шеңберінде мектеп әкімшілігі психологиялық-педагогикалық қолдау процесін жүзеге асыратын мамандар тобының үйлесімді жұмысын қамтамасыз етуі қажет. Мектеп әкімшілігінің бұйрығы негізінде құрылған психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жалпы білім беретін мектептің құрылымдық бөлімшесі болып табылады, ол басқа білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдарымен, ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеуі тиіс. Қызмет мамандары уақытылы психологиялық-педагогикалық көмек көрсеткен кезде ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен олардың отбасыларын қоғамдық өмірге табысты бейімдеу және отбасыда моральдық және психологиялық ахуалды нығайту мүмкіндігі артады.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000056>
2. «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513>
3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_)

Л.А. БУТАБАЕВА, С.К. ИСМАГУЛОВА, Г.А. НОГАЙБАЕВА,  
М.Ж. ТЕМИРБАЕВА, А.К. ЖУСИП

### **РОЛЬ СПЕЦИАЛИСТОВ СЛУЖБЫ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛАХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Национальная Академия образования им. Ы. Алтынсарина,  
г. Астана, Казахстан

e-mail: L\_askarovna@mail.ru, svetlana\_isk@list.ru, nogaibaeva09@mail.ru,  
maiya\_tem@mail.ru, zhussipaidana@gmail.com

**Аннотация.** В Казахстане, как и во многих странах мира, инклюзивное образование является важнейшим направлением развития системы образования, поскольку в развитом международном сообществе инклюзивное образование признано в качестве инструмента реализации права каждого человека на образование без какой-либо дискриминации. При этом, важнейшим условием эффективной работы школы в области развития инклюзивной культуры, политики и практики является качественное управление процессом включения в общеобразовательную среду всех детей, с учетом особых потребностей и индивидуальных возможностей каждого из них, а также, адаптация педагогов и родителей к меняющимся социальным условиям. В данной статье рассматривается роль специалистов службы психолого-педагогического сопровождения общеобразовательной школы в сопровождении обучающихся с особыми образовательными потребностями. Приведены результаты научно-практического исследования по психолого-педагогическому сопровождению обучающихся в организациях среднего образования в Республике Казахстан.

**Ключевые слова:** психолого-педагогическое сопровождение, инклюзивное образование, дети с особыми образовательными потребностями, оценка особых образовательных потребностей, специалисты службы психолого-педагогического сопровождения.

L.A. BUTABAYEVA, S.K. ISMAGULOVA, G.A. NOGAIBAYEVA,  
M.ZH. TEMIRBAYEVA, A.K. ZHUSSIP

### **THE ROLE OF SPECIALISTS OF THE PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL SUPPORT SERVICE IN THE SECONDARY SCHOOLS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

National Academy of Education named after I. Altynsarin,  
Astana, Kazakhstan

**Abstract.** In Kazakhstan, as in many countries of the world, inclusive education is the most important direction of the educational system's development, since in the developed international community inclusive education is recognized as an instrument for the realization of everyone's right to education without any discrimination. At the same time, the most important condition for the effective work of the school regarding development of inclusive culture, policy and practice is the quality management of all children's inclusion in the general education, taking into account their special needs and individual capabilities, as well as teachers' and parents' adaptability to changing social conditions. This article examines the role of specialists of the psychological and pedagogical support service of the secondary school in accompanying students with special educational needs in the Republic of Kazakhstan. The results of the scientific and practical study of the monitoring of psychological and pedagogical support of students in secondary education organizations of the Republic of Kazakhstan are presented.

**Key words:** psychological and pedagogical support, inclusive education, children with special educational needs, assessment of special educational needs, specialists of the psychological and pedagogical support service.

ГРНТИ

**A. YERKINKYZY**

Lyceum School №54,  
Astana, Kazakhstan

## TEACHERS' AWARENESS ABOUT INCLUSION IN 54 SCHOOL-LYCEUM

**Abstract.** *The purpose of this study was to investigate the awareness and understanding of inclusive education of teachers working in 54 lyceum schools in Astana. The research work was carried out by a quantitative method. The survey was chosen as the data collection tool. 24 teachers took part in the survey. Data analysis showed that most teachers have a broad understanding of inclusive education, as sixteen teachers associate inclusive education only with integrated education in mainstream schools for children with disabilities. However, many teachers did not consider children with different cultural, linguistic, ethnic and social differences to be inclusive learners. The results showed that many of the teachers who participated in the study have a positive attitude towards inclusive education, but due to the lack of professional training and special knowledge, they are not yet ready to include students with severe learning difficulties in their classes. Among the respondents, only two participants have experience teaching inclusive learners. However, most teachers were willing to learn new skills to better adapt to inclusive students and then apply those new skills to students with disabilities. Based on the data obtained, proposals were made to change the policy and practice of education in Kazakhstan. This study may influence the introduction of inclusive education in general education schools of Kazakhstan.*

### INTRODUCTION

The 54 school-lyceum is one the well-known public schools in the Astana. The school aims to form an individual-oriented educational space through the development of the professional competence of teachers and the creative, exploratory abilities of students. School poses itself as the educational organization which supports inclusive education and practices working with exceptional students. In 2015, Kazakhstan approved the UN Convention on the Rights of Persons with Disabilities (CRPD), ensuring the right to inclusive, quality education. It aims to guarantee to the children with disabilities to be educated in public classrooms in an inclusive environment. Based on this convention, the school provides education for seven students with physical and psychological

exceptionalities, all of them from primary school. For the working period at this school, I have faced the majority of the teachers assuming inclusion only with disabilities. As a young researcher and graduate student of inclusive education, this limited understanding seemed very problematic. The Ministry of Education of Kazakhstan has pledged to make 70 percent of mainstream schools inclusive by 2019. (Rollan & Somerton, 2019). Despite this fact, in 2021, Kazakhstani teachers still do not understand the whole meaning of inclusion. According to Shongwe (2005, as was cited in Blackie, 2010), Inclusive education - when students study in one classroom despite their difference in intelligence, physiology, gender, race, ethnicity, religion, and social background. That is why this study aims to evaluate teachers' awareness about

inclusion in the case of the 54 school-lyceum.

#### METHODOLOGY

##### *Participants*

All 24 participants were teachers from 54 school-lyceum (4 males), attended the given survey. Not all respondents were able to understand and reply in English.

##### *Materials*

During the research, participants used the internet and digital gadgets to participate in the survey. The survey was done by Google Forms which consisted of 10 questions. Each question had variants to answer. The survey was formed in two Languages: Kazakh and English. (Appendix 1).

##### *Procedure*

The survey was done at a specific time. For attending the survey, the researcher invited all 158 teachers via email to participate in the online survey. Before attending the survey, representatives signed online consent of participation and agreed with the surveying conditions. Participants answered ten questions related to their age, working experience, educational background, and understanding of the meaning of inclusion.

##### *Research Design*

This quantitative research aims to evaluate the teachers' awareness of inclusion. Therefore, the study applied

simple random sampling, where participants were only representative teachers of 54 school-lyceum.

##### *Data Analysis*

The final results of this study were analyzed by using Google Forms, which converted answers automatically.

#### RESULTS

Participants were asked to choose the proper definition of inclusive education, express their feelings about inclusion in their school, and define their needs in teachers' training. The results indicated that the majority of participants (62.5%, n=15) defines inclusion the same as it was defined by Shongwe (2005, as was cited in Blackie, 2010) when students study in one classroom despite their difference in intelligence, physiology, gender, race, ethnicity, religion, and social background. Other participants think that inclusion is only about disability (33,3%, n=8). When they were asked about their relation to inclusive education the majority had positive feelings (66,7%, n=16). (Figure 1). When they were asked about their attendance of any training programs related to inclusion practices, more than half replied that they never participated in specialized teachers' training on inclusion (70,8%, n=17). However, except for four people (80,3%, n=20), teachers think they need to have teachers training on inclusion.

do you feel about inclusive education? / Инклюзияға көз-қарасыңыз қандай?  
 жауап




Figure 1. How teachers feel about inclusive education

## DISCUSSION

This study aimed to examine the knowledge and understanding of teachers about inclusion. How it was showed in the result, teachers still have not got a proper and suitable understanding of inclusion and inclusive education.

### **Stakeholders**

Many stakeholders are responsible and can impact teachers' knowledge and awareness about inclusion: The Ministry of Education, the School's administration, students' parents, the Center of Modernized Learning, educational researchers, and sociologists. As was written above, in 2015, Kazakhstan ratified the UN convention about the Rights of Persons with Disabilities (CRPD), which ensures the right to inclusive, quality education. Moreover, Kazakhstan signed the "Dakar Framework of Actions" in 2000, according to it which participates in the program "Education For All" (EFA). Therefore, after all these declarations, The Ministry of Education should work towards these documents by developing and expanding teachers' knowledge, train highly qualified inclusive educators through effective management. After these actions, the Ministry of Education will manage school education and prepare future teachers and educational leaders. It seems that all stakeholders should be close in interaction to expand the understanding of inclusion for its effective implementation. For example, as was described by some participants, the Center of Modernized Learning has experience in giving teachers training on inclusive education. However, it is still ineffective.

### **Alternatives**

To increase teachers' awareness about inclusion, I propose three alternatives of the solution: 1) CIS (Council of International Schools) standard; 2) Professional development sessions about

Inclusive education; 3) Regular teacher's training on inclusion.

The first one is the implementation of the CIS standard in school. Our school is one of the first public schools in Astana to have such kind of experience. Currently, our school is a candidate for membership in CIS. The CIS is an international accreditation among schools regulating some indicators: students and teacher's well-being, school facilities, physical accommodation, global citizenship. According to the CIS standard (2013), teachers should act in terms of inclusion and create a positive and equal environment for all students.

The second is regular professional development sessions on inclusion on a school basis, provided by the school administration. Guest lectures could support professional development sessions regularly. For example, lecturers could be invited from GSE Alumni or professors.

The third, is teachers' online and offline training or special qualifications, which could be done by the Center of Modernized Learning (CML), Orleu, or in education platforms as Coursera. The Center of Modernized Learning and Orleu is a governmental organization of Kazakhstan, which examines and trains teachers about modern technics and knowledge in the educational sphere and gives qualifications. Hence, school administration should require certificates of teachers training about inclusion. In this way, teachers will be motivated to study and enlarge their knowledge about inclusion.

### **Evaluation criteria**

Proposed solutions will be evaluated in terms of their effectiveness, impact, and cost-efficiency. Each criterion was given weight on a scale of from 1 to 3. Effectiveness was evaluated by the weight of 3, whereas cost efficiency is given 2,



and impact is graded by 1. Effectiveness is evaluated by three because this dimension estimates how much of an enhancement can be done using any of the represented alternatives. Also, given alternatives can accomplish with the minimum waste of time and effort. The following criterion—the impact is given the weight of 2 since it tests how easily alternatives can be implemented. The last criteria are cost efficiency, which is given weight 1 because it evaluates how much financial effort alternatives are needed.

**Evaluating alternatives**

The alternatives will be assessed according to each chosen evaluation criterion: effectiveness, cost efficiency, and impact. The first alternative represents a CIS standard, which is an international school accreditation. This alternative evaluates as a weight three according to the effectiveness because it appears the most productive and beneficial solution. However, according to the cost-efficiency given alternative evaluates as a 1, it needs to allocate substantial financial resources, which costs very expensive for the school budget. According to the impact, it is given two because not all teaching staff ready to lead and follow the standards in practice. The next alternative is Professional development sessions about inclusion. Following effectiveness and impact, it is evaluated as 1, Professionalsessions that speakers would do could be not practical, lecturers could be not highly qualified

knowledgable, hence providing only with surface knowledge about inclusion, with low impact for a solution. The cost-efficiency given alternative is evaluated as 3, because this alternative does not need a massive amount of investment. School administration could ask to come guest speakers and lecturers from institutions interested in sharing knowledge about inclusion. The third alternative is teachers’ training on inclusion, making them certified educators in inclusive education and enlarge their knowledge and practice in working with all students. According to impact, it is the most influenceable way to solve the problem. Therefore it is rated as 3. If we look at cost efficiency, it does not require a considerable amount of financial effort; however, dome training would news a payment. For the effectiveness criterion, it received 2. In order to maximize the effectiveness to solve the problem, training should be highly competent in terms of professionalism. After analysis, the third alternative teacher training is the most appropriate for solving the problem.

Table 1. Evaluating alternatives.

Alternatives	Effectiveness Impact Cost Efficiency
CIS standard	3 2 1
Professional development sessions	1 1 3
Teachers training	2 3 2

Appendix 1.

Online survey

1) I agree to participate in this survey/ Сауалнамаға қатысуға келісемін.

Yes/иә

2) Your educational background?/ Сіздің біліміңіз?

College\ Колледж

Bachelor\ Бакалавр

Master degree\ Магистратура

PhD

3) Age?/ Жасыңыз?

- 18-25
- 25-40
- 40-60
- 60+

4) Your working experience?/ Мұғалім ретінде жұмыс тәжірибеңіз қанша жыл?

- 1-5
- 5-10
- 10-15
- 15-20
- 20-50

5) What is your understanding of inclusive education? \ Инклюзия дегенді қалай түсінесіз?

- Study of students with physical disabilities in the regular school
- Study of students with psychological disabilities in the regular school
- Studying in the same classroom of students despite their physical, intellectual, cultural, gender, racial differences

6) How do you feel about inclusive education? \ Инклюзияға көз-қарасыңыз қандай?

- Positive/Жақсы
- Neutral/Нейтралды
- Negative/Қарсы

7) What is your understanding of “barriers to learning”? \ Оқу барьерлары дегенді қалай түсінесіз?

Answer: \_\_\_\_\_

8) Do we need inclusion in our school?/Инклюзия мектебімізге керек па?

- Yes/Иә
- No/Жоқ
- Neutral/Бәрібір

9) Have you attended any training programmes related to inclusion practices/Инклюзияға байланысты курс немесе семинар, вебинар, мастер-класс өттіңіз ба?

- Yes/Иә
- No/Жоқ

10) Do you think you need to attend any training programmes related to inclusion practices?/ Инклюзияға байланысты курс немесе семинар, вебинар, мастер-класс өтіп біліміңізді арттыру керек деп ойлайсыз ба?

- yes/иә
- no/жоқ

#### REFERENCE LIST:

1. Blackie, C. (2010). *The perceptions of educators towards inclusive education in a sample of government primary schools (Doctoral dissertation)*. Retrieved from <https://core.ac.uk/download/pdf/39670197.pdf>
2. Márton, S. M., Polk, G., & Fiala, D. R. C. (2013). *Convention on the Rights of Persons with Disabilities. USA: United Nations*. Retrieved from [https://www.un.org/disabilities/documents/convention/convention\\_accessible\\_pdf.pdf](https://www.un.org/disabilities/documents/convention/convention_accessible_pdf.pdf)
3. Rollan, K., & Somerton, M. (2019). *Inclusive education reform in Kazakhstan: civil society activism from the bottom-up*. *International Journal of Inclusive Education*, 1-16. Retrieved from [https://nur.nu.edu.kz/bitstream/handle/123456789/3681/MSc\\_2018\\_Kamila\\_Rollan.pdf?sequence=1&isAllowed=y](https://nur.nu.edu.kz/bitstream/handle/123456789/3681/MSc_2018_Kamila_Rollan.pdf?sequence=1&isAllowed=y)

4. UNESCO. (2000). *The Dakar framework for action: Education for all: Meeting our collective commitments. Dakar Senegal* (pp. 26–28). Retrieved from [https://web.oas.org/childhood/EN/Lists/Recursos%20%20Compromisos%20Mundiales2/Attachments/16/5.%20Dakar\\_Framework\\_for\\_Action\\_2000.pdf](https://web.oas.org/childhood/EN/Lists/Recursos%20%20Compromisos%20Mundiales2/Attachments/16/5.%20Dakar_Framework_for_Action_2000.pdf)

Еркінқызы А.

#### **54 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДЕГІ ИНКЛЮЗИЯ ТУРАЛЫ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ХАБАРДАРЛЫҒЫ**

№54 мектеп-лицей,

Астана қ., Қазақстан

**Аңдатпа.** Бұл зерттеудің мақсаты Астана қаласындағы 54 мектеп-лицейінде жұмыс істейтін мұғалімдердің инклюзивті білім беру туралы хабардарлығы мен түсінігін зерттеу болды. Зерттеу жұмысы сандық әдіспен жүргізілді. Деректер жинау құралы ретінде сауалнама жүргізу таңдалды. Сауалнамаға жиырма төрт мұғалім қатысты. Деректерді талдау мұғалімдердің инклюзивті білім беру туралы көпшілігі кең түсінігі бар екенін көрсетті, себебі он алты мұғалім инклюзивті білім беруді мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жалпы білім беретін мектептегі интеграцияланған білім берумен ғана байланыстырады. Алайда көптеген мұғалімдер әртүрлі мәдени, тілдік, этникалық және әлеуметтік айырмашылықтары бар балаларды инклюзивті білім алушыларға жатқызбады. Нәтижелер бойынша зерттеуге қатысқан көптеген мұғалімдердің инклюзивті білім беруге оң көзқарасы бар екенін көрсетті, бірақ кәсіби дайындық пен арнайы білімнің болмауына байланысты олар оқуда күрделі қиындықтары бар оқушыларды өз сабақтарына қосуға әлі дайын емес. Респонденттердің ішінде тек екі қатысушының инклюзивті оқушыларды оқыту тәжірибесі бар. Дегенмен, мұғалімдердің көпшілігі инклюзивті оқушыларға жақсы бейімделу үшін жаңа дағдыларды үйренуге ашық болды, содан кейін сол жаңа дағдыларды мүмкіндігі шектеулі оқушыларға қолдану. Қазіргі тұжырымдар негізінде Қазақстандағы білім беру саясаты мен тәжірибесін өзгерту бойынша ұсыныстар жасалды. Бұл зерттеу Қазақстанның жалпы білім беретін мектептеріне инклюзивті білім беруді енгізуге әсер етуі мүмкін

Еркінқызы А.

#### **ОСВЕДОМЛЕННОСТЬ УЧИТЕЛЕЙ ОБ ИНКЛЮЗИИ В ШКОЛЕ-ЛИЦЕЕ №54**

школа-лицей №54,

г. Астана, Казахстан

**Аннотация.** Целью данного исследования было изучение осведомленности и понимания инклюзивного образования педагогов, работающих в 54 школах-лицеях г. Астаны. Исследовательская работа проводилась количественным методом. В качестве инструмента сбора данных был выбран опрос. В опросе приняли участие 24 учителя. Анализ данных показал, что большинство учителей имеют широкое представление об инклюзивном образовании, поскольку шестнадцать учителей связывают инклюзивное образование только с интегрированным обучением в общеобразовательных школах для детей с ограниченными возможностями. Однако многие учителя не считали детей с различными культурными, языковыми, этническими и социальными различиями инклюзивными учащимися. Результаты показали, что многие учителя, принявшие участие в исследовании, положительно относятся к инклюзивному образованию, но из-за отсутствия профессиональной подготовки и специальных знаний пока не готовы включать в свои классы учащихся с выраженными трудностями в обучении. Среди респондентов только двое участников имеют опыт обучения инклюзивных учащихся. Тем не менее, большинство учителей были готовы освоить новые навыки, чтобы лучше адаптироваться к инклюзивным учащимся, а затем применить эти новые навыки к учащимся с ограниченными возможностями. На основании полученных данных внесены предложения по изменению политики и практики образования в Казахстане. Данное исследование может повлиять на внедрение инклюзивного образования в общеобразовательных школах Казахстана.

**Ш.А. УСЕРОВА**

*Жамбыл облысы білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинеті,  
Тараз қ., Қазақстан*

## **ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТ - ПЕДАГОГТЕРДІҢ ШЕБЕРЛІГІН ҮЗДІКСІЗ АРТТЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ИНСТИТУТ**

Қазақстанның ең басты байлығы – адам капиталы. Ол мемлекетіміздің экономикасын, әлеуметтік әлеуетін және саясатын, қоғамымыздың болашақ дамуын айқындайды. Яғни, ХХІ ғасырда инвестициялардың 80%-ы адами, 20%-ы физикалық активтерге жіберіледі. Сондықтан, адами капиталды дамыту, бәсекеге қабілетті болашақ ұрпақты тәрбиелеу, талапқа сай білім беру – мемлекетіміздің басты ұстанымы. Адами капиталдың сапасының жоғары деңгейін бірінші кезекте жақсы білім қамтамасыз етеді. Білімді ұрпақты тәрбиелейтін - ұстаз.

Отандық білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттарының бірі – инновациялық экономика қажеттіліктеріне жауап беретін заманауи білім сапасына қолжеткізу. Бұл өз кезегінде педагогикалық ұжымның шығармашылық, кәсіби әлеуетін және дағдыларын динамикалық түрде арттыруды болжайды. Осыған байланысты әдістемелік қызметтің рөлі артып келеді. Мақсаттар мен міндеттердің күрделілігі, әдістемелік жұмыс мазмұнының көп қырлылығы, әрбір білім беру ұйымының спецификалық ерекшеліктері оның әртүрлі және тиімді формаларын пайдалануды, олардың оңтайлы үйлесімін талап етеді.

Білім беруді жаңғырту жағдайында әдістемелік қызмет білім берудегі инновацияларды, бастамаларды, жобаларды ұсынатын қолдау орталығы. Әдістемелік

қызметтің басымдықтары педагог кадрлардың біліктілігін арттырудағы әлеуетті қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру үшін болжау және жағдай жасау, алдыңғы қатарлы кәсіби қызмет болып табылады.

Әдістемелік қызметтің бүгінде білім берудегі өзгерістердің ұйытқысына айналуы, педагогикалық инновацияларды тәжірибеге жедел және жаппай енгізуді қамтамасыз етуі тиіс. Сол себепті білім беруді цифрлық және мазмұндық тұрғыдан трансформациялау қажеттігі туындады.

Өңірлік білім беру жүйесінің инновациялық әлеуетін арттыру, басшылық және педагогикалық кадрлардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін тиімді механизмдерді құруда әдістемелік қызметтің атқарар жүгі үлкен. Әдістемелік жұмыс 6 негізгі бағыт бойынша жұмыс жүргізіледі:

- 1.«Мектепке дейінгі мекемелер, мектепалды даярлық» бөлімі.
- 2.«Білім үдерісін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету» бөлімі.
- 3.«Білім сапасын басқару және менеджмент» бөлімі.
- 4.«Тұлғаны әлеуметтендіру және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру» бөлімі.
5. «Мониторинг және ұйымдастыру – талдау жұмыстары» бөлімі.
6. «Шағын жинақталған мектептерді дамыту» бөлімі.

Өңірдегі педагогтердің ақпараттық

– әдістемелік сүйемелдеу жұмыстарын атқаратын 199 әдіскер бар.

Әдіскер "XXI ғасырдың құзыреттерін" меңгерген, жобалық, сыни, жүйелі ойлауы, цифрлық сауаттылығы жоғары болуы керек. Әдістемелік қызмет-педагогтердің шеберлігін үздіксіз арттыруды қамтамасыз ететін институт. Жамбыл облысында әдістемелік жұмыс білім берудің мазмұндық және цифрлық трансформациясы жағдайына негізделген.

Яғни, аймақтық әдістемелік қызмет жұмысының негізгі идеялары: АӘҚ-тің көп деңгейлі моделін құру, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру, әдістемелік қолдау көрсету, сарапшылар қауымдастығын қалыптастыру, әдістемелік консалтингті ұйымдастыру, педагог және басшы қызметкерлердің бірыңғай ақпараттық және әдістемелік кеңістігін қалыптастыру, алдыңғы қатарлы педагогикалық озық тәжірибелерді жалпылау және тарату. Соңғы жылдары виртуалды әдістемелік қызмет моделін әзірлеудің өзекті қажеттілігі туындады.

Осы жүйе арқылы педагогтердің кәсіби құзіреттілігін дамыту бағытында мазмұнды жұмыстар жүргізілуде. Яғни:

- балаларды оқыту, дамыту және тәрбиелеудің тиімді әдістемелеріне, технологияларына, әдістеріне педагог мамандарды үйрету;

- педагогтерге балалардың және жасөспірімдердің коммуникативтік, мәселелерді шешу, өзін-өзі дамыту, өмір бойы білім алу құзіреттіліктерін қалыптастырудың тиімді технологияларын, әдістерін үйрету;

- оқушылардың тиімді әлеуметтенуінің заманауи технологиялары мен әдіс-тәсілдерін үйрету;

- педагогтердің біліктілікті арттыру курстарына қатысуын қамтамасыз ету;

- педагогтердің кәсіби байқаулары мен олимпиадаларын ұйымдастырып, өткізу;

- сыртқы байланыстарды нығайту;
- облыстағы үздік педагогтердің желілік қауымдастығы мен ассоциациясының жұмысын жүргізу.

Сондай-ақ, педагогтердің курсаралық кезінде кәсіби шеберлігін дамыту моделі жасалды. Өңірлік «Ұлағат» педагогтер ассоциациясы құрылды. Пәндер бойынша шығармашылық зертханалар, педагогтердің виртуалды мектебі, «Ізденіс. Тәжірибе. Нәтиже» үздік педагогтер шеберханаларының жұмысы жолға қойылған.

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту жұмыстары білім беру парадигмасының өзгеруі, жаңа типтік оқу жоспарларының енуі, оқу жоспарларының вариативтік компоненті мазмұнының өзгеруі, оқытудағы тәсілдердің өзгеруі, оқушылардың білімін бағалаудағы тәсілдердің өзгеруі, білім беру үрдісінің субъектілері арасындағы қарым-қатынас парадигмасының өзгеруі, білім беру жүйесінде горизонтальды желілік байланыстың күшеюі, оқушылардың оқу, жазу, математикалық, ІТ сауаттылықтарын қалыптастырудың тиімді әдістемелеріне, әдістеріне, жұмыс формаларына үйрету бойынша жүзеге асырылуда.

Қашықтан оқыту жағдайында мұғалімдердің жұмысын тиімді ұйымдастыру мақсатында Youtube желісінде 18 канал ашылып, үздік педагогтердің 1349 бейнесабағы жарияланды. Оның қаралымы-680765, тіркелгендер саны-26256. Сондай-ақ пән мұғалімдерінің жеке каналдары бар. 128 педагог 1213 мұғалімдер үшін, 2012 оқушылар үшін сабақтар жүктелсе, 145990 тіркелуші, 1 млн. 439755 қаралым бар.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, озық тәжірибені тарату және оқушыларды оқыту мен дамытудың оңтайлы әдістері мен технологияларын трансляциялау мақсатында Адрестік көмек көрсету бағдарламасы-

ның қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пән мұғалімдерінің кәсіби дамуына бағытталған «Күзгі мектеп», жаратылыстану-математикалық бағыттағы пән мұғалімдерінің кәсіби дамуына бағытталған «Қысқы мектеп» жобасы, мектеп оқушыларының оқу, математикалық, жаратылыстану сауаттылықтарын арттыру, зерттеушілік және функционалдық сауаттылықтарын дамытуға бағытталған «Сырттай оқыту мектебі» жобасы іске асырылуда.

2021 жылы облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қазақ әдебиетін оқытуда көркем шығарманың мәні аса зор екенін ескере келіп, облыстық оқу-әдістемелік кабинеті тарапынан «Әдебиет. Шығарма. Көзқарас» атты арнайы бағдарламаның 4 саны түсірілді.

Бүгінгі уақытқа дейін Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» хикаяты, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы, Мұқағали Мақатаев шығармалары, Абайтанушы Мекемтас Мырзахметовпен «Абайтанудың» оқытылуы жайлы, ұлттық құндылық, ұлттық код, ұлттық сана туралы құнды пікірлер талданды.

Білім беру үрдісінде инновациялық идеяларды енгізу аясында 176 оқу-әдістемелік кешендер, қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша – 96 БЖБ, ТЖБ тапсырмаларының жинағы, 5-9 сыныптарға арналған оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылығы бойынша 14 құрал әзірленіп, облыс көлемінде таратылды.

«Бір жылдығын ойлаған бидай егеді, Он жылдығын ойлаған тал егеді, Мың жылдығын ойлаған ізгілік егеді, – деген халықта киелі сөз қалған. Тәжірибенің ғылыммен интеграциясы ОБМУ қызметінің негізгі бағыты болып табылады. Бүгінгі таңда жүргізілген жұ-

мыстар легінде біз Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз өңірлік университетімен, Халықаралық Тараз инновациялық институтымен, Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-мен, Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетімен, Абай атындағы ҚАЗҰПУ-мен, «Дарын» РФПО-мен, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Жамбыл облысы бойынша Кәсіби даму институтымен, Педагогикалық шеберлік орталығымен, республикалық «Кәсіби өсу және даму» орталығымен, Назарбаев Зияткерлік мектебімен сыртқы байланыстар жүйесін орнатқанбыз.

Бүгінде облыста «Жасыл мектеп», «Цифрлы мектеп», «Ауыл мектебі» пилоттық жобасы, «Смарт мектеп», т.б. жобалар жүзеге асырылуда.

Оқушылардың сыни ойлауын, функционалдық сауаттылығын қалыптастыратын, ұлттық құндылыққа тәрбиелейтін білім берудің тиімді жүйелерін әзірлеп, тәжірибеден өткізу 2022-2023 жылдан жалғасын табатын болады.

Облыста білім беру менеджерлерінің курсаралық кезеңдегі кәсіби құзыреттіліктерін дамытудың өңірлік моделі жасалды. Мектепке дейінгі, қосымша, жалпы орта білім мекемелері басшыларының жұмысын тиімді ұйымдастыру, білім саласындағы менеджменттің тиімділігін анықтайтын сараптамалық кеңестің жұмысын үйлестіру, жас директорлар мен директордың оқу, ғылыми-әдістемелік, тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарларының кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған кешенді шаралар іске асырылуда.

2014-2015 оқу жылдан бастап білім беру ұйымдарын басқару тиімділігінің мониторингісі жасалуда: 2015 жылы - білім беру ұйымдарының қызметін рейтингтік бағалау жүйесін енгізу, 2016 жылы - сапа менеджмент жүйесін енгізу, 2017 жылы - консалтингтік әдісте-

мелік қызмет элементтері, 2018 жылы ерте кәсіптік бағдар беру жүйесін енгізу, 2019 жылы мектептерді басқарудың желілік моделі, 2020-2021 жылы басқару құзіреттілігін дамытудың өңірлік үздіксіз жүйесін енгізу, 2021-2022 жылы өңірлік консалтингтік әдістемелік қызметті жүйелі түрде енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Мектептердің жұмыс тиімділігін анықтау үшін жыл сайын оқу жылының қорытындысы бойынша облыс мектептерінің рейтингісі шығарылып, мектептердің жұмыс режимі анықталып отырады. Рейтинг арқылы облыстағы мектеп мұғалімдерінің жұмысының және жалпы орта білім беру жұмысының тиімділігі, білім беру үдерісінің әлсіз жағдайларының себептері анықталып, түзету траекториялары айқындалады.

Рейтинг бойынша оқу жылындағы қызмет нәтижелері көрсеткіштерінің жиынтығы негізінде әрбір білім беру ұйымының жұмыс жағдайын нақты анықтау үшін облыс мектептері келесі деңгейлер бойынша іріктеледі:

I. Инновация режиміндегі мектеп;

II. Өзін-өзі дамыту режиміндегі мектеп;

IV. Даму режиміндегі мектеп;

III. Функционалды режимдегі мектеп;

IV. Кризистік режимдегі мектеп;

V. Жұмыс істеу режимін (тоқыраудағы) тоқтатқан мектеп.

Орта білім беру жүйесінде директорлар корпусының сапасын жақсарту мақсатында «Білім беру менеджерлер клубы», «Директорлар кеңесі» құрылып, жаңадан тағайындалған мектеп директорларына әдістемелік көмек көрсету жұмыстары жолға қойылды.

Жыл сайын облыстық «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын беруге арналған конкурсы өткізіледі. Аталған конкурста 2014 - 2022 жылдар аралығында 12 орта білім беретін мектеп 15 973 000 – 34 000 000 теңге мөлшерінде грант

иеленіп, мектептің материалдық-техникалық базасын жақсартуға пайдаланды.

2017 жылдан бастап облыстық «Табысты менеджер» байқауы өткізіледі. Барлығы 27 орта білім беру ұйымның директоры жеңімпаз атанып, іс-тәжірибесі облыс көлемінде насихатталып келеді (2017 - 7; 2018 - 4, 2019 - 7; 2021 - 9 табысты менеджер анықталып, бағалы сыйлықтармен марапатталды).

2015 жылдан бері облыс көлемінде инновациялық бағытта даму үрдісін меңгерген, шығармашылық әлеуеті жоғары мектептерді анықтау мақсатында «Табысты мектеп» байқауы өткізіледі. Барлығы 25 білім беру ұйымы жеңімпаз атанып, 500 мыңнан – 1 млн. теңге көлемінде қаржылай грант иеленді («Табысты мектеп», «Үздік ауыл мектебі», «Үздік шағын жинақталған мектеп», «Үздік қала мектебі», «Үздік инновациялық мектеп» номинациялары бойынша марапатталды).

«Білім – бір құрал, білімі көп адам құралы сай ұста секілді, не істесе де келістіріп істейді», - дейді Ахмет Байтұрсынұлы. Яғни, бүгін де адамның сыртқы ортамен қарым - қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым - қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші - функционалдық сауаттылық. Функционалдық сауаттылық тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Облыстағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қамтамасыз етуде бес негізгі бағыт бойынша арнайы іс-шаралар жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізілуде: ұйымдастыру-талдау іс-әрекеті; педагогтердің кәсіби құзыреттілігін

арттыру; оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту; ата-аналар қауымымен жұмыс; өзара іс-тәжірибе алмасу.

Еліміздің білім жүйесін жетілдіру – мемлекеттің басты басымдықтарының бірі. Егер оқыту тәрбие үшін “ақпараттық қорек” қызметін атқарса, тәрбие оның адам игілігіне жұмсалыуына кепілдік береді. Кезінде Бауыржан Момышұлына: “Осы сіз неден қорқасыз?” – дегенде батыр: “Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Біріншіден, бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам: екіншіден, немересіне ертегі ай-тып беретін әжелердің азаюынан қорқамын; үшіншіден, дәмді, дәстүрді сыйламайтын ұрпақ өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсең, кімді болса да шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже, ата жоқ” деп қасірет болар қаупін бүгіп қала алмапты. Айтса айтқандай, ана әлдиіне бөленіп, әже ертегісіне құлағын түріп өскен баланың қашанда тілі жатық, ойы анық, ұлттық рухы қашанда биік болады. Жеке тұлғаны қалыптастырудағы отбасынан кейінгі әлеуметтік институт, мектеп екені бәрімізге де белгілі. Мектеп ұстаздары ғасырлар бойы халқымыздың жинаған ұлттық мұрасы мен озық мәдениетін, ізгі салт-дәстүрін жас ұрпақтың бойына сіңіре білсе, қоршаған ортаға қарым-қатынасын, өмірге деген көзқарасын, дүниетанымын, мінез-құлқын үйлестіре білсе, міне, тәрбиенің бірлігі осында болмақ.

Бала тәрбиесі – басты байлығың, кешіксең көретінің қайғы мен мұң, – дейді хакім Абай. Адам бойында рухани құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын баршаға аян.

Қазіргі заман ағымының қарқынды өзгеруіне байланысты кез-келген жағдайда жеке тұлғаның, яғни баланың өзін жақсы сезінуі, қоршаған ортаға бейімделе алуы өте маңызды. Осы орайда

оқушыларды әлеуметтендіруде біздер, яғни ұстаздар қандай рөл атқарамыз? Әлеуметтену – адамның қоғамда табысты қызмет етуіне мүмкіндік беретін мінез-құлық үлгілерін, психологиялық көзқарастарды, әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды, білімдерді, дағдыларды адамның жеке тұлғасына сіңіру процесі. Оқушылардың әлеуметтенуіне әсер ететін – қоршаған орта, мектеп және ата-ана тәрбиесі. Жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін тұлға ұстаз - тәрбие көзі.

Қазіргі мектептің негізгі міндеттері - әр оқушының қабілеттерін ашу, лайықты және патриот, жоғары технологиялық, бәсекеге қабілетті әлемде өмір сүруге дайын адамды тәрбиелеу. Сондықтан тәрбие бағытындағы жүйелі жұмыстар өз нәтижесін береді деп ойлаймыз. Бұл үшін әрине, эмоционалды интеллектіні дамытуымыз қажет.

